

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**

**Жекелеген қаржылық есептілік**

*2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,  
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса*

**МАЗМҰНЫ**

---

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

**Жекелеген қаржылық есептілік**

|                                                        |      |
|--------------------------------------------------------|------|
| Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп .....            | 1-2  |
| Жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп .....              | 3    |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп ..... | 4    |
| Капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп .....     | 5    |
| Жекелеген қаржылық есептілікке ескертпелер .....       | 6-45 |

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Акционеріне, Директорлар кеңесі мен басшылығына

### **Пікір**

Біз «QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі - «Ұйым») жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есеп, жиынтық кіріс туралы жеке есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, жеке қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұйымның жеке қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының жеке қозғалысы мен жеке қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

### **Пікірді білдіру негізі**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің жеке қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Ұйымға қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### **Аудиттің шешуші мәселелері**

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер жеке қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

### **Аудиттің шешуші мәселесі**

### **Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды**

#### **Өтелуге жататын ҚҚС**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұйымның газды ішкі нарықта артық өткізуінен пайда болған 105 миллиард теңге мөлшерінде өтелуге жататын ҚҚС-тың айтарлықтай балансы бар. Бұл активтің өтелімділігін бағалау газды ішкі нарықта өткізуге арналған реттелетін бағалардың келешек өсіміне қатысты елеулі пікірлер мен жорамалдарды қажет етеді, ол Ұйымға газды ішкі нарықта өткізуден түсетін пайданы түрлендіруге мүмкіндік береді, соның салдарынан төленуге жататын ҚҚС өтелуге жататын ҚҚС сомасына қарсы есепке алынады. Осы себептермен, бұл мәселе біздің аудитіміз үшін барынша маңыздылардың бірі болып табылады.

Өтелуге жататын ҚҚС-пен байланысты ақпарат жеке қаржылық есептіліктің **2 және 9-ескертпелерінде** ашылып көрсетіледі.

Біз өтелуге жататын ҚҚС сомасын есепке алу үшін ескіру мерзіміне қатысты Салық кодексі ережелерінің түсінігін алдық.

Біз Басшылықтың газды ішкі нарықта өткізуге арналған тарифтерді өсіруге бағытталған шараларға қатысты жоспарларын және салдарынан газды ішкі нарықта өткізуден болған оң маржаның пайда болуын сараладық.

Біз Ұйымның газды ішкі нарықта өткізуден болатын оң маржаны болжайтын газдың ішкі нарықтағы бағасын есептеу әдістемесін қайта қарауға қатысты Ұлттық Экономика Министрлігімен болған хат алмасуды зерделедік.

Біз Басшылық жоспарларының Бас компания Тобының Даму Стратегиясына сәйкестігін бағаладық.

### **Ұйымның 2022 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат**

Басқа да ақпаратқа Ұйымның 2022 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ жеке қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Ұйымның 2022 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Жеке қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Жеке қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен жеке қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

### **Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің жеке қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық жеке қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ жеке қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Ұйымды таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Ұйымның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

### **Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз жеке қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы жеке қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде жеке қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ жеке қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ жеке қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.



Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және оны барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші, - Адиль Сыздықов.

### **„Эрнст энд Янг“ ЖШС**



Адиль Сыздықов  
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23  
желтоқсандағы № МФ-0000172 біліктілік  
күәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 28 ақпан



Рустамжан Саттаров  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген  
сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын  
Қазақстан Республикасының аумағында  
аудиторлық қызметпен айналысуға  
арналған мемлекеттік лицензия

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

| Мың теңгемен                                           | Ескерт. | 31 желтоқсанға       |                      |
|--------------------------------------------------------|---------|----------------------|----------------------|
|                                                        |         | 2022 жылғы           | 2021 жылғы           |
| <b>Активтер</b>                                        |         |                      |                      |
| <b>Айналымнан тыс активтер</b>                         |         |                      |                      |
| Негізгі құралдар                                       | 4       | 5.065.060            | 6.599.134            |
| Барлау және бағалау бойынша активтер                   |         | 2.184.762            | 2.184.762            |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер                  |         | 505.495              | 1.006.361            |
| Материалдық емес активтер                              |         | 577.328              | 1.031.828            |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік                        |         | 94.113               | 96.115               |
| Еншілес ұйымдарға инвестициялар                        | 5       | 665.891.253          | 655.860.473          |
| Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар                 | 6       | 90.387.688           | 90.387.688           |
| Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар         | 7       | 15.015.169           | 5.887                |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар                | 8       | 45.751.096           | 224.354.988          |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек             |         | –                    | 2.586.015            |
| Өтелуге жататын ҚҚС                                    | 9       | 78.048.802           | 51.368.539           |
| Басқа да айналымнан тыс қаржы активтері                | 10      | 9.248.858            | 8.882.330            |
| Басқа да айналымнан тыс қаржылық емес активтер         | 11      | 2.278.997            | –                    |
| Банк салымдары                                         | 12      | 495.472              | 753.891              |
|                                                        |         | <b>915.544.093</b>   | <b>1.045.118.011</b> |
| <b>Айналымдағы активтер</b>                            |         |                      |                      |
| Қорлар                                                 | 14      | 31.819.017           | 32.875.188           |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек                 | 15      | 151.192.449          | 193.501.422          |
| Берілген аванстар                                      | 7       | 2.785.317            | 16.671.871           |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар                | 8       | 10.895.130           | 5.140.621            |
| Алынатын дивидендтер                                   | 28      | –                    | 10.245.744           |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек             |         | 3.600.948            | 52.656               |
| Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем | 9       | 27.034.111           | 29.564.036           |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем     | 30      | 26.712.072           | –                    |
| Басқа да айналымдағы қаржы активтері                   | 10      | 30.028.538           | 28.538               |
| Басқа да айналымдағы активтер                          | 11      | 6.083.468            | 20.336               |
| Банк салымдары                                         | 12      | 1.680.479            | 12.959.342           |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары                      | 13      | 467.248.977          | 234.001.868          |
|                                                        |         | <b>759.080.506</b>   | <b>535.061.622</b>   |
| <b>Активтердің жиыны</b>                               |         | <b>1.674.624.599</b> | <b>1.580.179.633</b> |

6 – 45 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)**

| Мың теңгемен                                        | Ескерт. | 31 желтоқсанға       |                      |
|-----------------------------------------------------|---------|----------------------|----------------------|
|                                                     |         | 2022 жылғы           | 2021 жылғы           |
| <b>Капитал және міндеттемелер</b>                   |         |                      |                      |
| <b>Капитал</b>                                      |         |                      |                      |
| Жарғылық капитал                                    | 16      | 430.959.489          | 417.780.839          |
| Қосымша төленген капитал                            |         | 23.470.656           | 23.470.656           |
| Бөлінбеген пайда                                    |         | 617.802.008          | 513.036.019          |
|                                                     |         | <b>1.072.232.153</b> | <b>954.287.514</b>   |
| <b>Міндеттемелер</b>                                |         |                      |                      |
| <b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>                  |         |                      |                      |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар                 | 17      | 326.247.992          | 304.374.201          |
| Пайыздық қарыздар                                   | 18      | —                    | 87.003.164           |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар             | 19      | 8.109.740            | 14.693.646           |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер               |         | 343.743              | —                    |
| Қаржылық кепілдіктер шарттары бойынша міндеттемелер | 20      | 348.454              | 3.880.547            |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері            | 30      | 32.028.783           | 18.020.285           |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер       | 22      | 1.285.954            | 1.825.276            |
|                                                     |         | <b>368.364.666</b>   | <b>429.797.119</b>   |
| <b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>                 |         |                      |                      |
| Сауда кредиторлық берешек                           | 21      | 110.971.591          | 177.872.027          |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар                 | 17      | 3.679.148            | 3.433.819            |
| Пайыздық қарыздар                                   | 18      | 92.373.724           | 872.747              |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар             | 19      | 7.737.372            | 6.846.109            |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер               |         | 161.751              | 532.721              |
| Қаржылық кепілдіктер шарттары бойынша міндеттемелер | 20      | 677.702              | 3.918.354            |
| Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы         |         | —                    | 93.841               |
| Табыс салығынан басқа, төленуге жататын салықтар    |         | 266.399              | 318.756              |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер      | 22      | 15.854.055           | 1.025.358            |
| Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер               |         | 2.306.038            | 1.181.268            |
|                                                     |         | <b>234.027.780</b>   | <b>196.095.000</b>   |
| <b>Міндеттемелер жиыны</b>                          |         | <b>602.392.446</b>   | <b>625.892.119</b>   |
| <b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>              |         | <b>1.674.624.599</b> | <b>1.580.179.633</b> |

Басқарма төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

А.М. Ақан

Бас бухгалтердің міндеттерін атқарушы

Е.Н. Бокаев

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП**

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

| Мың теңгемен                                                              | Ескерт. | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін |                    |
|---------------------------------------------------------------------------|---------|-----------------------------------|--------------------|
|                                                                           |         | 2022 жылғы                        | 2021 жылғы         |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім                          | 23      | 765.815.933                       | 720.224.501        |
| Сатудың өзіндік құны                                                      | 24      | (356.208.024)                     | (245.069.776)      |
| <b>Жалпы пайда</b>                                                        |         | <b>409.607.909</b>                | <b>475.154.725</b> |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар                                             | 25      | (10.764.130)                      | (10.394.707)       |
| Өткізу шығыстары                                                          | 26      | (387.371.068)                     | (413.573.790)      |
| Күтілетін несиелік зиян резервінің есептелуі                              |         | (1.730.856)                       | —                  |
| Басқа да операциялық кірістер                                             | 27      | 2.650.260                         | 14.299.314         |
| Басқа да операциялық шығыстар                                             |         | (2.002)                           | (2.524.384)        |
| <b>Операциялық пайда</b>                                                  |         | <b>12.390.113</b>                 | <b>62.961.158</b>  |
| Дивидендтер бойынша кіріс                                                 | 28      | 90.097.703                        | 160.146.478        |
| Қаржылық кіріс                                                            | 29      | 39.801.028                        | 24.486.232         |
| Қаржылық шығындар                                                         | 29      | (31.166.997)                      | (23.636.985)       |
| Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто                                         |         | 7.536.582                         | (2.215.703)        |
| Еншілес ұйымға салынған инвестициялардың құнсыздануынан болған зиян       | 5       | (918.305)                         | (4.683.612)        |
| <b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>                        |         | <b>117.740.124</b>                | <b>217.057.568</b> |
| Табыс салығы бойынша шығыстар                                             | 30      | (12.974.135)                      | (41.637.035)       |
| <b>Бір жылғы таза пайда</b>                                               |         | <b>104.765.989</b>                | <b>175.420.533</b> |
| Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс                                          |         | —                                 | —                  |
| <b>Табыс салығы шегерілген бір жылғы өзге жиынтық кіріс</b>               |         | <b>104.765.989</b>                | <b>175.420.533</b> |
| <b>Акцияға пайда</b>                                                      |         |                                   |                    |
| Бас компанияға келетін жылғы акцияға арналған базалық және бөлінген пайда | 16      | 0,28                              | 0,47               |

Басқарма төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

А.М. Ақан

Бас бухгалтердің міндеттерін атқарушы

Е.Н. Бокаев

6 – 45 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

| Мың теңгемен                                                                                         | Ескерт. | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін |                    |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|-----------------------------------|--------------------|
|                                                                                                      |         | 2022 жылғы                        | 2021 жылғы         |
| <b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>                                                    |         |                                   |                    |
| Сатып алушылардан түсімдер                                                                           |         | 856.452.529                       | 721.700.033        |
| Арбитраждық шешім бойынша өнім жеткізушілерден түсімдер                                              | 24      | –                                 | 134.750.060        |
| Салық органдарынан салықтардың қайтарылуы                                                            |         | 20.696.748                        | 72.243.189         |
| Алынған пайыздар                                                                                     |         | 21.922.331                        | 12.970.518         |
| Басқа да түсімдер                                                                                    |         | 17.195.203                        | 482.567            |
| Өнім берушілерге төлемдер                                                                            |         | (880.919.101)                     | (882.309.917)      |
| Төленген табыс салығы                                                                                |         | (23.117.600)                      | (5.000.000)        |
| Басқа да салықтар мен төлемдер                                                                       |         | (5.666.672)                       | (2.619.917)        |
| Төленген пайыздар                                                                                    | 33      | (26.740.338)                      | (20.778.336)       |
| Жұмыскерлерге төлемдер                                                                               |         | (2.959.782)                       | (2.465.182)        |
| Басқа да төлемдер                                                                                    |         | (7.656.655)                       | (4.030.167)        |
| <b>Операциялық қызметтен (пайдаланылған)/алынған таза ақша ағындары</b>                              |         | <b>(30.793.337)</b>               | <b>24.942.848</b>  |
| <b>Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары</b>                                                  |         |                                   |                    |
| Бірлескен кәсіпорындарды өткізуден түскен түсімдер                                                   |         | 80                                | –                  |
| Банк салымдарын қайтару                                                                              |         | 43.122.741                        | 35.883.737         |
| Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер                                    | 31      | 98.578.741                        | 149.900.734        |
| Кері РЕПО операцияларынан түскен түсімдер                                                            |         | 1.496.106.023                     | 18.120.354         |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын өтеуден түскен түсімдер                              | 10      | 67.892.313                        | –                  |
| Байланысты тарап өтеген қарыздар                                                                     |         | 209.647.925                       | –                  |
| Ұзақ мерзімді қаржы активтерін сатып алу                                                             |         | (673.261)                         | (673.261)          |
| Банк салымдарын орналастыру                                                                          |         | (28.529.188)                      | (46.737.535)       |
| Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу |         | (557.789)                         | (1.197.611)        |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар                                                              |         | (18.309.181)                      | (68.500.478)       |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу                                            | 10      | (97.892.313)                      | –                  |
| Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар                                                               |         | –                                 | (210.219)          |
| Еншілес ұйымдарға инвестициялар                                                                      | 5       | (9.218.345)                       | (4.683.612)        |
| Еншілес ұйымды сатып алу                                                                             | 2, 7    | (13.178.650)                      | –                  |
| Кері РЕПО операциялары бойынша есеп айырысулар                                                       |         | (1.496.106.023)                   | (18.120.354)       |
| <b>Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>                                             |         | <b>250.883.073</b>                | <b>63.781.755</b>  |
| <b>Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары</b>                                                       |         |                                   |                    |
| Акционерден жарналар                                                                                 | 16      | 13.178.650                        | –                  |
| Байланысты тараптан қарыздар бойынша түсімдер                                                        | 19, 33  | –                                 | 24.104.026         |
| Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу                                                                  | 33      | (111.787)                         | (557.718)          |
| Пайыздық қарыздар бойынша өтеу                                                                       | 18, 33  | (5.130.790)                       | –                  |
| Байланысты тараптан алынған қарыздарды өтеу                                                          | 19, 33  | (8.614.964)                       | –                  |
| <b>Қаржылық қызметте (пайдаланылған) / алынған таза ақша ағындары</b>                                |         | <b>(678.891)</b>                  | <b>23.546.308</b>  |
| <b>Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша таза бағамдық айырма</b>                                |         |                                   |                    |
|                                                                                                      |         | <b>13.836.264</b>                 | <b>3.460.467</b>   |
| <b>Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс</b>                                           |         |                                   |                    |
|                                                                                                      |         | <b>233.247.109</b>                | <b>115.731.378</b> |
| <b>Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>                                               |         |                                   |                    |
|                                                                                                      |         | <b>234.001.868</b>                | <b>118.270.490</b> |
| <b>Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>                                               |         |                                   |                    |
|                                                                                                      | 13      | <b>467.248.977</b>                | <b>234.001.868</b> |

Басқарма төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

А.М. Ақан

Бас бухгалтердің міндеттерін атқарушы

Е.Н. Бокаев

6 – 45 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

«QazaqGaz» ҰК» АҚ («Компания» немесе «QG») Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі - «Үкімет») 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 Қаулысының негізінде бекітілген және 2000 жылғы 13 наурыздағы жабық акционерлік қоғам күйінде тіркелген акционерлік қоғам болып табылады. 2004 жылғы 9 маусымда Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып қайта тіркелді. Компанияның бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12-үй мекенжайы бойынша тіркелген.

2021 жылғы 8 қарашада «Стратегиялық объектіні иеліктен шығару туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚазМұнайГаз») «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына») пайдасына «QG» акцияларының 100%-ын иеліктен шығару мәмілесін жасады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» «QG»-ның жалғыз акционері болып табылады, ал «Самұрық-Қазына»-ның барлық еншілес ұйымдары Компанияның байланысты тараптары болып саналады (31-ескертпе).

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 Қаулысына сәйкес «QG» газ және газбен қамсыздандыру саласында ұлттық оператор болып анықталды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 852 қаулысымен «QG»-ға Ұлттық компания мәртебесі берілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 982 қаулысымен «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ «QazaqGaz» ҰК» АҚ болып өзгертілді. Компанияның ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеті Қазақстанның тауар газындағы ішкі мұқтаждықтарын сенімді қамтамасыз ету болып табылады.

Компания қызметінің негізгі бағыттарына мыналар кіреді:

- Қазақстанда магистральдық құбырлардың газ көлік жүйелерін жалпы дамыту үшін инвестициялық қызметті басқару;
- Қазақстанда газ кеніштерін әзірлеу үшін инвестициялық қызметті басқару;
- Газ өнеркәсібінде жобаларды зерттеу және әзірлеу бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
- Шетелдік және жергілікті нарықтарда газды өткізу;
- Газ өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және ендіру бағдарламасына қатысу.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі компанияларда иелік ету үлестері болды:

| Атауы                                             | Тіркелген жері | Негізгі қызмет                                                                                                            | Иелік ету үлесі |          |
|---------------------------------------------------|----------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|----------|
|                                                   |                |                                                                                                                           | 2022 жыл        | 2021 жыл |
| «Интергаз Орталық Азия» АҚ («ИОА»)                | Қазақстан      | Газды тасымалдау және сақтау, Қазақстанда газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету                | 100%            | 100%     |
| «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ («ҚТГ Аймақ»)              | Қазақстан      | Газды жергілікті қуат өндірушілерге, заңды және жеке тұлғаларға өткізу                                                    | 100%            | 100%     |
| «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС («ҚТГ Өнімдері»)       | Қазақстан      | Тасымалдау бойынша қызметтер                                                                                              | 100%            | 100%     |
| «QazaqGaz Барлау және өндіру» ЖШС («QazaqGaz БӨ») | Қазақстан      | Табиғи газды және газ конденсатын өндіру                                                                                  | 100%            | 100%     |
| «Qazaq Gas Qurlyys» ЖШС                           | Қазақстан      | Табиғи газды және газ конденсатын барлау                                                                                  | 100%            | 100%     |
| «КазТрансГаз Бишкек» ЖШҚ                          | Қырғызстан     | «Бухараның газды ауданы-Ташкент-Бишкек-Алматы» магистральдық газ құбырында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары және жаңғырту | 100%            | 100%     |
| КТГ Финанс Б.В. («КТГ Финанс»)                    | Нидерландта    | Қаржылық қызмет                                                                                                           | 100%            | 100%     |
| «ҚазМұнайГаз Сервис-NS» АҚ («КМГ Сервис-NS»)      | Қазақстан      | Гольф-клубты салу және/(немесе) қызмет көрсету                                                                            | 100%            | 100%     |
| «Азиялық Газ құбыры» ЖШС («АГҚ»)                  | Қазақстан      | Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану                                                                         | 50%             | 50%      |
| «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС («БШГ»)           | Қазақстан      | Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану                                                                      | 50%             | 50%      |
| «Отан Газ» ЖШС («ОГ»)                             | Қазақстан      | Газды қайта өңдеу зауытын салу                                                                                            | 50%             | 50%      |



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**

2021 жылы «КМГ Кансу Оперейтинг» ЖШС атауы «Qazaq Gas Qurylys» ЖШС болып өзгертілді.

2022 жылы «Аманкелді Газ» ЖШС «QazaqGaz Барлау және өндіру» ЖШС болып өзгертілді.

2022 жылғы 28 желтоқсанда Компания «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Тегіс Мұнай» ЖШС-тің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ын сатып алу-сату шартын жасады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 7-ескерптеде ұзақ мерзімді аванстар ретінде көрсетілген 13.178.650 мың теңге мөлшерінде аванс берді. Меншік құқығы қайта тіркелген сәттен бастап күшіне енеді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайта тіркеу процесі аяқталмады.

2021 жылы Компания «PVH Development» ЖШС акцияларының 50%-ын 80 мың теңгеге сатып алды. Меншік құқығы қайта тіркелген сәттен бастап күшіне енеді. 2022 жылы қайта тіркеу процесі аяқталды және «PVH Development» ЖШС «Түркістан ПМУ» ЖШС болып өзгертілді. 2022 жылғы 12 қыркүйекте Компания «Түркістан ПМУ» ЖШС акцияларының 50%-ын «Самұрық-Қазына»-ға 80 мың теңгеге сатты.

Қоса беріліп отырған жекелеген қаржылық есептілікті Компанияның Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен бас бухгалтердің міндеттерін атқарушы 2023 жылғы 28 ақпанда шығаруға бекітті.

Бұл жекелеген қаржылық есептілік «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымша шығарылды. «QG» тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігін Компанияның Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен бас бухгалтердің міндеттерін атқарушы 2023 жылғы 28 ақпанда шығаруға бекітті.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ**

Қоса беріліп отырған жекелеген қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») жариялаған редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Жекелеген қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы жекелеген қаржылық есептіліктің ескертпелерінде көрсетілгендей әділ құны бойынша бағаланатын активтер мен міндеттемелерді қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды.

Осы жекелеген қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, мыңға дейін дөңгелектенген.

**Шетел валюталарын қайта есептеу***Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Жекелеген қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен (теңге) көрсетілген.

*Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда функционалдық валютада операция тану көрсеткіштерін қанағаттандыратын күнге қолданылатын валютаның спот-бағамы бойынша есептейді. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын валюталық спот-бағам бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Монетарлық баптарды есептеу немесе қайта есептеу бойынша туындайтын барлық айырмалар жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте көрсетіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын ақшалай емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Ақшалай емес активтер мен міндеттемелер бастапқы құнды айқындау күніне қолданылатын бағам бойынша валютада бастапқы құны бойынша ескеріледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе зиян құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған кірістер немесе шығыстар да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе зиян құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)****Шетел валюталарын қайта есептеу (жалғасы)***Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан Республикасында ресми айырбастау бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында («КҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары қолданылады.

2022 жылғы 31 желтоқсанға Қазақстан қор биржасының валюталық айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 462,65 теңгеге және 1 ресей рублі үшін 6,43 теңге болды. Бұл бағамдар 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ доллары мен ресей рублінде көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2021 жылы: 1 АҚШ доллары үшін 431,8 теңге және 1 ресей рублі үшін 5,76 теңге).

**Операциялық орта**

Бүтіндей алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамып жатқан нарықтарға тән болатын кейбір ерекшеліктерді танытуын жалғастыруда. Әсіресе ол мұнай мен газ бағасының және ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын басқа да минералды шикізат бағасының құбылуына сезімтал келеді. Бұл ерекшеліктерге елден тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейі жатады, бірақ олармен шектелмейді. Өңірде сақталып отырған саяси шиеленіс, айырбастау бағамының волатильділігі, өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың пайда болуын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін көрсетті және көрсетуін жалғастыра алады.

*Украина аумағындағы соғыс*

Украина аумағында 2022 жылы басталған соғыс қаржылық есептілікке әсер ететін ХҚЕС бойынша есепке алудың бірқатар ерекшеліктерінің пайда болуына әкелді.

Көптеген елдер қазірдің өзінде жекелеген ресейлік заңды тұлғалар мен Ресей азаматтарына жаңа санкциялар салуды жалғастыруда. Қалыптасқан жағдай, сондай-ақ тауар бағасының, валюта бағамының ықтимал ауытқуы, импорт пен экспорттың шектеулері, жергілікті материалдар мен қызметтердің қолжетімділігі және жергілікті ресурстарға қол жетімділік ТМД аумақтарында қызметтің елеулі көлемін жүзеге асыратын компанияларға тікелей әсер етті.

Басшылық қазақстандық экономикадағы өзгерістердің дәрежесін де, ұзақтығын да болжап білуге немесе олардың Компанияның қаржылық жағдайына келешекте ықтимал ықпалын бағалауға қабілетті емес. Басшылық ағымдағы жағдайларда Компания қызметінің тұрақтылығы мен өсімін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолға алып отырғанына сенімді.

**Маңызды есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар**

Компанияның жекелеген қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы жол берулер мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта осыған ұқсас жол берулер мен бағалаулар жасауға қатысты активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына елеулі түзетулерді талап ететін нәтижелерге алып келуі мүмкін.

Компанияның есеп саясатын қолдану процесінде басшылық жекелеген қаржылық есептілікте мойындалған сомаларға едәуір ықпал ететін келесі пайымдауларды пайдаланды:

*Салық салу*

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде басшылық салық ұстанымдарының салаларына қатысты міндеттемелердің пайда болу ықтималдылығын ескереді, әрі соларға қатысты Компания салық органдарының есептеулері бойынша апелляцияларды бермейтіндігі мәлім немесе мұндай апелляциялардың шешімі сәтті болады деп есептемейді. Мұндай анықтау елеулі пайымдауларды жасауды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтижені анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Салық тәуекелдеріне қатысты барынша толығырақ ақпарат 32-ескерптеде келтірілген.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)****Маңызды есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)***Өтелуге жататын ҚҚС бойынша резерв*

Компания өтелуге жататын ҚҚС сомасы күмәнді болып табылатындығына, бірақ жылына кем дегенде бір рет талдау жасап отырады. Өтелуге жататын ҚҚС күмәнді сомасы бойынша резерв басшылықтың салық салынуға жататын ҚҚС-тың келешек айналымдарына және ҚҚС-ты ақша қаражатымен қайтаруға қатысты үміттеріне негізделген. Компания бұдан әрі ҚҚС-тың қайтарылуына немесе есепке алынуына өз құқығын қорғай алатындығын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет. Барынша толық ақпарат *9-ескертемеде* келтірілген.

*Кейінге қалдырылған салық активтері*

Кейінге қалдырылған салық активтері салық салынатын уақытша айырмалар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақытша айырмалар бойынша, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының сәтті қолданылуы танылады. Барынша толық ақпарат *30-ескертемеде* келтірілген.

*Қаржы құралдарының әділ құны*

Қаржы активтерінің және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады.

Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелін, несиелік тәуекелді және өзгермелілікті қамтиды. Бағалау мен пайымдаулардағы өзгерістер қаржы құралдарының әділ құнына ықпал ете алады.

*Күтілетін несиелік зиян резерві*

Басшылық клиенттердің талап етілетін төлемдерді жасай алу қабілеттеріне негізделген үміттердің нәтижесінде күтілетін несиелік зиян резервін қолдайды. Компания қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

*Еншілес кәсіпорынды сатып алу*

2022 жылғы 28 желтоқсанда Компания «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Тегіс Мұнай» ЖШС-тің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ын сатып алу-сату шартын жасады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания *7-ескертемеде* ұзақ мерзімді аванстар ретінде көрсетілген 13.178.650 мың теңге мөлшерінде аванс төледі. Компания есепті күнге 10 ХҚЕС-тің талаптарына сәйкес инвестициялар объектісіне бақылаудың болуына талдау жүргізді. Компания бақылаудың барлық үш құрамдас бөлігінің болуын бағалады және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Тегіс Мұнай» ЖШС-тің бақылауы жоқ деген қорытындыға келді. Меншік құқығы қайта тіркелген сәттен бастап күшіне енеді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайта тіркеу процесі аяқталмады.

*Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы*

Компания әрбір есепті күнге еншілес ұйымдарға инвестициялар құнсыздануының объективті куәліктерінің болуын бағалайды. Егер мұндай дәлелдер бар болып шықса, Компания дербес негізде бағаланатын инвестицияларға қатысты инвестициялардың өтелетін құнын есептейді. Инвестициялардың өтелетін құны екі өлшемнің ең үлкенін: сату шығындарын шегере отырып инвестициялардың әділ құнын және мен пайдалану құндылығын білдіреді. Егер инвестициялардың құны оның өтелетін құнынан асатын болса, инвестициялар құнсызданған болып есептеледі, ал инвестициялардың құны өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады. Пайдалану құндылығы мұндай инвестицияларға қолданылатын тәуекелдерді ескере отырып түзетілген, ағымдағы нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген, болжамды келешек ақша ағындарының дисконтталған құнын білдіреді. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды есептеу кезінде Компания тиісті бағалау моделін пайдаланады. Мұндай есептеулер ұқсас инвестициялардың баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қол жетімді көрсеткіштерімен расталады. Барынша толық ақпарат *5 және 6-ескертемелерде* көрсетілген.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ****Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер**

Компания 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енетін белгілі бір стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды, бірақ олар Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Сондай-ақ Компания алғаш рет 2022 жылы кейбір түзетулер мен түсіндірмелерді қолданды, бірақ олар оның жекелеген қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Компания тек Компания үшін ғана жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

*«Ауыртпалықты шарттар - шартты орындауға арналған шығындар» – 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

Еріксіз шығындар шарт бойынша міндеттерді орындауға оның орындалуынан күтілетін экономикалық пайдадан асатын (яғни, Компания алдын ала алмайтын шартқа байланысты шығындар) шарт ауыртпалық түсіретін шарт болып табылады.

Түзетулерде шарттың ауыртпалықты немесе залалды болып табылатындығын бағалау кезінде ұйым қосымша шығындарды (мысалы, еңбекке ақы төлеуге және материалдарға арналған тікелей шығындар), сондай-ақ шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды (мысалы, осы шартты орындау үшін пайдаланылатын жабдықтың амортизациясы бойынша шығыстар, сондай-ақ шарттың орындалуын сүйемелдеуге және бақылауға арналған шығындар) қамтитын тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шартқа тікелей байланысты шығындарды ескеруі тиіс екендігі түсіндіріледі. Шартпен тікелей байланысты емес жалпы және әкімшілік шығындар оларды шарт бойынша контрагент ашық түрде өтеуге тиіс болған жағдайлардан басқа, ескерілмейді.

*«Концептуалдық негіздерге» сілтемелер - 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер*

Түзетулер нәтижесінде ХҚЕС жөніндегі кеңестің бұрынғы «Концептуалдық негіздер» редакциясына сілтемелер осы құжатта қамтылған талаптарға елеулі өзгерістер енгізбестен, 2018 жылғы наурызда шығарылған қолданыстағы «Концептуалдық негіздер» редакциясына сілтемелерге ауыстырылды.

Түзетулер нәтижесінде «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» 37 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2 күннің» әлеуетті табысының немесе шығындарының пайда болуын болдырмас үшін «Бизнесстерді біріктіру» 3 ХҚЕС-те (IFRS) мойындау қағидатынан ерекшелікті немесе егер олар жеке операциялардың шеңберінде туындаған болса, «Міндетті төлемдер» 21 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелері қосылды. Осы ерекшелікке сәйкес «Концептуалдық негіздердің» ережелерін қолданудың орнына ұйымдар сатып алу күніне міндеттеменің бар-жоғын анықтау үшін 37 ХҚЕС (IAS) критерийлерін немесе 21 ХҚЕС (IFRIC) түсіндірмелерін қолдануы тиіс.

3 ХҚЕС (IFRS) мәтініне жасалған түзетулер нәтижесінде, сондай-ақ сатып алу күніне шартты активті тануға жол берілмейтінін түсіндіретін жаңа параграф қосылды.

*16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер»*

Бұл түзетулерге сай ұйымдарға негізгі құрал объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жай-күйге келтіру процесінде жасалған бұйымдарды сатудан түскен қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тыйым салынған. Осының орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ бұл бұйымдарды шығару құнын пайданың немесе зиянның құрамында мойындайды.

*«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету - Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым*

Бұл түзетуге сәйкес 1 ХҚЕС (IFRS) D16 (а) тармағын қолдануды шешетін еншілес ұйым, егер шоғырландыру және бизнестерді біріктіру нәтижелерін көрсету мақсатында ешқандай түзетулер жасалмаса, бас ұйымның ХҚЕС-ке көшу күнін негізге ала отырып, бас ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаларды пайдалана отырып, жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға құқылы, әрі соның аясында бас ұйым аталған еншілес ұйымды сатып алды. Бұл түзету 1 ХҚЕС-тің (IFRS) D16(а) тармағын қолдануды шешкен қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қолданылады.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)**

*«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы*

Түзетуде ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің талаптары бастапқы қаржылық міндеттеменің талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетіндігін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомалары түсіндіріледі. Мұндай сомаларға тек, кредитор немесе қарыз алушы басқа тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушының арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. *«Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХҚЕС (IAS) үшін ұқсас түзету көзделмеген.*

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

- 17 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттары»;*
- *«Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді етіп жіктеу»* атауымен *«Қаржылық есептілікті ұсыну»* 1 ХБЕС-ке (IAS) түзетулер;
- *«Бухгалтерлік бағалауды айқындау»* 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) және *«Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету»* ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі №2 іс жүзіндегі ұсынымдарға түзетулер;
- 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - *«Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық салу»;*
- 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – *«Қайта жалдау арқылы сату кезіндегі жаңа жалдау міндеттемесі»;*
- 10 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - *«Инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірлескен кәсіпорны арасында активтерді сату немесе салу».*

Компания бұл стандарттардың қаржылық есептілікке елеулі әсерін күтпейді.

**Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу**

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте Компания активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- Оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға және тұтынуға арналса;
- Ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- Оны есепті кезеңнен кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- Есепті кезеңнен кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мына жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- Оны операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- Ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- Ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)**

**Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу (жалғасы)**

Компания барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімділер ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

**Әділ құнды бағалау**

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі операцияның шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операция:

- Немесе бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- Не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша тиімді нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Компанияның негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыққа қатысушылар пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің ең шынайы мүдделерінде іс-қимыл жасайды. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Компания мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері;
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей - иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Компания активтер мен міндеттемелерді олардың сипатының, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейдің негізінде жіктейді. .

**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жиналған тозу мен құнсыздану бойынша жиналған шығындарды шегере отырып есептеледі. Негізгі құралдардың бастапқы құнына сатып алу құны, оның ішінде импорт алымдары және өтелмейтін салықтар, егер мойындау шарттарын қанағаттандыратын болса, ұзақ мерзімді жобалардың құрылысына тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар, құрал-жабдықтың бөліктерін ауыстыру құны, сондай-ақ активті жұмыс күйіне келтіруге және оны мақсатты пайдалану орнына жеткізуге байланысты кез келген тікелей шығындар кіреді.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Негізгі құралдар (жалғасы)**

Күтілетін келешек экономикалық пайданың бастапқыда бағаланған көрсеткіштерінен артық (пайдалы қызмет ету мерзімінің, қуаттылықтың және т.б. ұлғаюы) ұлғаюына әкеліп соқтыратын шығындар негізгі құралдардың қосымша құны ретінде капиталдандырылады. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Компания осы сияқты құрамдастарды оларға сәйкес болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жеке активтер ретінде таниды және оларды тиісінше амортизациялайды.

Сол сияқты, елеулі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе залал құрамында мойындалады.

Негізгі құралдардың тозуы негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзіміне сүйене отырып, тік желілік әдіспен есептеледі.

**Жылдар саны**

|                               |       |
|-------------------------------|-------|
| Ғимарат мен құрылысжайлар     | 20-50 |
| Машиналар мен құрал-жабдықтар | 3-30  |
| Көлік құралдары               | 5-20  |
| Басқасы                       | 3-20  |

Жерге арналған амортизация есептелмейді.

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрауыштарын тануды доғару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте бұл активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық тиімділік алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық зиян туралы жекелеген есепке кіргізіледі.

Активтердің қалдық құны, пайдалану мерзімі және тозуын есептеу әдістері әрбір қаржы жылы қайта қаралып отырады және қажет болған кезде келесі кезеңдерде түзетіліп отырады.

Аяқталмаған құрылыс өзіндік құны бойынша ескерілген негізгі құралдардың аяқталмаған құрылысын білдіреді. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, құрал-жабдықтың құны және басқа да тікелей шығындар кіреді. Аяқталмаған құрылыстың амортизациясы мұндай активтердің құрылысы аяқталғанда және олар пайдалануға берілген уақытта басталады.

**Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар**

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар бастапқы құны бойынша жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Еншілес ұйымдар - Компания бақылайтын, әдетте, 50% артық дауыс беру құқығымен акцияларға иелік етуді білдіретін, барлық компаниялар. Бірлескен кәсіпорындар - Компания бірлескен бақылауы бар, бірақ бақыламайтын барлық кәсіпорындар, әдетте, 50% мөлшерінде дауыс беру құқығымен акцияларға иелік етуді білдіреді.

Компания инвестицияларды оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер инвестициялардың баланстық құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда ықтимал құнсыздану мәніне бағалайды. Егер құнсызданудың мұндай көрсеткіштері болса, Компания инвестициялардың өтелетін құнын бағалайды. Инвестициялардың баланстық құны олардың өтелетін құнынан асқанда, мұндай инвестициялар құнсызданған деп қарастырылады және олардың құны өтелетін құнға дейін төмендетіледі.

**Жалдау**

Компания келісімнің жалдау қатынастары басталған күні жалдау болып табылатынын немесе жалдау белгілері болуын бағалайды. Яғни, егер шартта сәйкестендірілген активті уақыт кезеңінің ішінде сыйақыға айырбас ретінде пайдалануды бақылау құқығы болса.



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Жалдау (жалғасы)*****Компания жалға алушы ретінде***

Компания, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді пайдаланады. Компания жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді.

***Пайдалану құқығы нысанындағы активтер***

Компания жалдаудың басталу күніне пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау мерзімдерінің бойына тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Егер жалға алынған активке меншік құқығы Компанияға жалдау мерзімінің соңында берілсе немесе егер құн сатып алуға опционды сатуды көрсетсе, амортизация активті пайдалы қолданудың болжамды мерзімін пайдалана отырып есептеледі.

***Жалдау бойынша міндеттемелер***

Жалдаудың басталу күніне Компания жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Компанияның бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Компанияның жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады.

Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Компания жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмайды. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен бірге, жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құны түрлендірілген, жалдау мерзімі өзгертілген, жалдау төлемдері өзгертілген немесе базалық активті сатып алу опционын бағалау амалы өзгертілген жағдайда қайта бағаланады.

***Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау***

Компания қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан болған босатуды техника мен жабдықты қысқа мерзімді жалдау шарттарына қолданылады. Сондай-ақ ол төмен құны бар офистік жабдықты жалдауға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен шығыстар ретінде танылады.

**Қаржы активтері*****Бастапқы тану және бағалау***

Қаржы активтері бастапқыда танылған кезде кейіннен амортизацияланған құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Компания бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір құрамдасын қамтымайтын сауда және басқа да дебиторлық берешекті қоспағанда.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)*****Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)***

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады.

Заңнамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптардағы» сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Компания өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге мойындалады.

***Кейінгі бағалау***

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері;
- Жинақталған пайда мен зиянды кейіннен қайта жіктей отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- Мойындау тоқтаған кезде жинақталған пайда мен зиянды кейіннен қайта жіктеместен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, ұйымның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері;
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

***Амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері***

Бұл санат Компания үшін барынша маңызды болып табылады. Компания қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Компанияның амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтеріне байланысты тараптарға қарыздар, банк депозиттері, сауда және басқа да дебиторлық берешек пен басқа да қаржы активтері жатады.

***Тануды тоқтату***

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен келетін ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тарапқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе (а) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бергенде, не болмаса (б) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бермегенде және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)****Тануды тоқтату (жалғасы)**

Егер Компания активтен ақша ағындарын алуға өзінің құқықтарын берсе не болмаса транзит келісімін жасаса және бұл ретте активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ оны өзінде сақтамаса, сондай-ақ жаңа активке бақылау бермесе, жаңа актив Компания берілген активте өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде мойындалады. Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын қатысуды жалғастыру активтің баланстық құнының ең азы және Компания төлеуге тиіс өтемнің ең жоғары мөлшері бойынша бағаланады.

**Қаржы активтерінің құнсыздануы**

Компания пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін несиелік зиянды (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Компания бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несиелік зиян) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиян) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Компания КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Компания несиелік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиянға тең сомада залалға бағалау резервін мойындайды. Компания қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Белгілі бір жағдайларда Компания, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Компания ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Компанияның шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Компанияның шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

**Қаржылық міндеттемелер****Бастапқы тану және бағалау**

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе залал; шығарылған борыштық бағалы қағаздар, пайыздық қарыздар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде белгіленген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша танылады, ал шығарылған борыштық бағалы қағаздар, пайыздық қарыздар мен сауда кредиторлық берешек болған жағдайда, мәміле бойынша солармен тікелей байланысты шығындар шегере отырып.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)*****Одан кейінгі бағалау***

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер екі санатқа жіктеледі:

- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- Амортизацияланған құны бойынша қаржылық міндеттемелер.

***Амортизацияланған құны бойынша қаржылық міндеттемелер***

Бұл санат Компания үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін берешек пен қарыздар кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып өтелімі есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы пайда мен зиян туралы жекелеген есепте қаржыландыру шығындарының құрамына жатқызылады.

Бұл санат әдетте берешекке, қарыздарға, қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемеге және басқа да қаржылық міндеттемелерге қолданылады.

**Қаржылық кепілдік шарттары**

Компания шығарған қаржылық кепілдік шарты соған сай кепілдікті беретін тарап бұл шарт бойынша бенефициарға белгілі бір борышкердің белгіленген мерзімде шарттың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес төлемді жасай алмауының салдарынан болған шығынды өтеу үшін белгілі бір соманы төлеуге міндеттенетін шарт деп аталады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде мойындалады.

Кейіннен міндеттеме келесі өлшемдердің ең үлкені бойынша бағаланады: 37 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес есепті күнге (2018 жылдың 1 қаңтарына дейін) қолдағы міндеттемелерді өтеуге қажетті шығындардың ең үздік бағалануы немесе 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес есептелген (2018 жылдың 1 қаңтарынан кейін) күтілетін несиелік зиян бойынша резервтер және жинақталған амортизацияны шегере отырып міндеттемелердің бастапқыда мойындалған сомасы.

**Сауда кредиторлық берешек**

Кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Компания шоттарының жазылып берілуіне қарамастан алынған тауарлар мен қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс соманың әділ құны болып табылатын бастапқы құны бойынша ескеріледі.

**Тануды тоқтату**

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте мойындалады.

**Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы**

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте ұсынылуы тиіс.



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Тауар-материалдық қорлар (ТМҚ)**

Материалдар мен шикізат өзіндік құнының ең аз мәні және таза өткізу құны бойынша ескеріледі.

Тауар-материалдық қорлар ФИФО әдісінің негізінде ескеріледі.

**Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Компания әрбір есепті күнге активтердің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгілер бар болып шықса немесе активтің құнсыздану затына жыл сайынғы тексеруді жүргізу қажет болып қалса, Компания активтің өтелетін құнының бағалауын жасайды. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (бұдан әрі - «ААЖБ») өтелетін құны, өткізу бойынша шығындарды шегере отырып, ААЖБ активінің әділ құнынан және оны пайдалану құнынан асады. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің баланстық құны өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив құнсызданған ретінде қаралады және оның құны өтелетін сомаға дейін кемітіледі.

Пайдалану құнын бағалау кезінде болашақта күтілетін ақша ағындары активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып ағымдағы құнға дисконтталады. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялар акцияларының нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания жекелеген активтер жататын Компанияның барлық ААЖБ үшін жеке әзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану мөлшерін айқындайды.

Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін келешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқынды есептеледі.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санаттарында танылады.

Әрбір есепті күнге бұрын мойындалған құнсыздану бойынша шығындардың жойылғанын немесе олардың азайғанын көрсететін қандай да бір белгілерінің бар екендігіне қатысты бағалау жүргізілді. Егер мұндай белгі бар болса, Компания активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған зиян деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнды осылайша қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте мойындалады.

**Ақша қаражаты және қысқа мерзімді депозиттер**

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есептегі ақша қаражаты мен оның баламаларына банктердегі, кассадағы ақша қаражаты және өтеу мерзімі 3 (үш) ай немесе одан аз болатын, белгілі бір қолма-қол ақша сомаларына оңай айырбасталатын және құнның өзгеруіне елеусіз тәуекелге ұшырайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

**Резервтер**

Резервтер Компанияның өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болғанда, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаларға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы елеулі болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, әрі ол қолданылатын жағдайда нақты міндеттемеге тән болатын тәуекелдерді көрсетеді.

Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Жарғылық капитал және дивидендтер**

Жай акциялардан тұратын жарғылық капитал бастапқы құны бойынша танылады. Жай акцияларға төленетін дивидендтер, олар жарияланған кезеңде меншікті капиталдың азаюы ретінде танылады. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу Акционердің қарауына қарай жүзеге асырылады. Дивидендтерді есепті күннен кейін жариялау 10 ХҚЕС-ке (IAS) сай *«Есепті күннен кейін болған оқиғалар»* бұдан кейінгі оқиға ретінде қарастырылады және тиісінше ашылып көрсетіледі.

**Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім және шығыстарды мойындау**

Клиенттермен шарттар бойынша түсім тауарларға немесе қызметтерге бақылау клиентке берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Компания мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр. Түсім жанама салықтарды шегере отырып ескеріледі. Қаржылық есептілікте түсімді мойындау үшін келесі критерийлер орындалуы тиіс:

*Тауарларды сату*

Сатудан түскен кірістер сатып алушыға тауарға меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайда берілгеннен кейін танылады және әдетте орындалуға жататын бір міндеттеме жатады. Тауарларды өткізуден түскен кірістер ұзақ уақыт ішінде танылады.

*Басқару қаламақысы*

Компания «КазРосГаз» ЖШС-не дивидендтер мөлшерінде «ҚазМұнайГаз»-дың бірлескен кәсіпорны «КазРосГаз» ЖШС-ін басқаруға жататын басқарушылық қаламақысын мойындайды. Басқарушылық қаламақы белгілі бір уақытта «КазРосГаз» ЖШС дивидендтерін жариялауды бекіту негізінде танылады. «КазРосГаз» ЖШС 2022 жылы дивидендтерді жариялаған жоқ (*23-ескертіме*).

*Пайыздар бойынша кіріс*

Амортизацияланған құны және қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып танылады, ол күтіліп отырған болашақ төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде ақша қаражаттың түсуін немесе, егер бұл орынды болса, қаржы активінің таза баланстық құнына немесе міндеттемеге дейін шамалы кезеңге дәл шегереді.

Пайыздық кірістер жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте қаржыландырудан түскен кірістер құрамында көрсетіледі.

*Дивидендтер*

Компанияның төлемді алуға арналған құқығы белгіленгенде дивидендтерден түскен кіріс танылады, бұл әдетте, акционерлер дивидендтерді бекіткенде болады.

*Шығыстар*

Шығыстар тиісті тауарларды немесе қызметтерді нақты алу сәтіне, ақша қаражаты немесе олардың баламалары қашан төленгеніне қарамастан ескеріледі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте олар жататын кезеңде көрсетіледі.

**Ағымдағы табыс салығы**

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе салық органдарына төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Сомаларды есептеу үшін пайдаланылатын салық салынатын мөлшерлеме мен салық заңнамасы - Қазақстан Республикасында есепті күнге қолданысқа енген немесе Компания өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кіріс алатын елдерде есепті күнге нақты заңдастырылған салық мөлшерлемесі және салық заңнамасы.

Тікелей капитал құрамында мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық зиян туралы жекелеген есепте емес, капиталда мойындалады. Ұйым басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрады.



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Мерзімі ұзартылған салық**

Мерзімі ұзартылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттеме бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвилді немесе активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе залалға ықпал етпейді.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

- Есептен шығарылатын уақытша айырмаларға қатысты мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер компанияларды біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындағанда және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе залалға ықпал етпейді.

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, мерзімі ұзартылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады.

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер күшіне енген немесе нақ есепті күнге заңдастырылған салық салу мөлшерлемелеріне (салық салу туралы заңға) сүйене отырып міндеттемені реттеу немесе активті өткізу кезеңінің ішінде қолданылады деп күтілетін мөлшерлеме бойынша бағаланады.

Пайда немесе зиян құрамында танылмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе зиян құрамында танылмайды. Мерзімі ұзартылған салықтардың баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не болмаса жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте немесе тікелей капиталда танылады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер бір біріне қарсы есепке алынады, егер олардың ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңды тұрғыдан бекітілген құқығы болса және мерзімі ұзартылған табыс салықтары бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса.

**Қосылған күн салығы (бұдан әрі - «ҚҚС»)**

Салық заңнамасында нетто негіздегі сатулар және сатып алулар бойынша қосылған күн салығын (ҚҚС) өтеу көзделеді. Осылайша, өтелуге жататын ҚҚС, сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді.

**Төлеуге ҚҚС**

Сатып алушылардан дебиторлық берешек алынғаннан кейін ҚҚС салық органдарына төленуі тиіс. Есеп айырысуы есепті күнге жүзеге асырылған сатып алулар бойынша ҚҚС төленуге жататын сомадан есептен шығарылады.

Дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв құрылғанда, құнсызданудан болған залал, ҚҚС сомасын қоса алғанда, берешектің барлық сомасына ескеріледі. ҚҚС бойынша тиісті міндеттеме салық салу мақсатында дебиторлық берешектен есептен шығарылғанға дейін есептілікте көрсетіледі.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қосылған құн салығы (бұдан әрі - «ҚҚС») (жалғасы)***Өтелуге жататын ҚҚС*

Өтелуге жататын ҚҚС ҚҚС-пен сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша бухгалтерлік есепте көрсетіледі және егер ондайлар кірісті алу мақсатында пайдаланылса.

Әрбір есепті күнге өтелуге жататын ҚҚС шоты бойынша сома төленуге жататын ҚҚС шоты бойынша сомамен есепке алынуы тиіс.

**Шартты активтер мен міндеттемелер**

Шартты активтер жекелеген қаржылық есептілікте мойындалмайды. Кірісті өткізілуі күмән келтірмегенде, тиісті актив шартты актив болып табылмайды және оның мойындалуы негізделген болып табылады.

Шартты міндеттемелер жекелеген қаржылық есептілікте мойындалмайды. Егер экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың ағып кету ықтималдығы аз болып табылмаса, шартты міндеттемелер қаржылық есептілікте ашып көрсетіледі.

**Есепті күннен кейінгі оқиғалар**

Есепті күнге Компанияның қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты ұсынатын жыл аяқталғаннан кейін болған оқиғалар (түзетуші оқиғалар) жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар мәнді болса, жекелеген қаржылық есептілікке арналған ескертпелерде ашылады.

**4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

| <i>Мың теңгемен</i>                     | <b>Құрал-жабдық</b> | <b>Басқасы</b>   | <b>Аяқталмаған құрылыс</b> | <b>Жиыны</b>       |
|-----------------------------------------|---------------------|------------------|----------------------------|--------------------|
| <b>Бастапқы құн</b>                     |                     |                  |                            |                    |
| <b>2020 жылғы 31 желтоқсан</b>          | 1.266.759           | 717.065          | 5.813.884                  | 7.797.708          |
| Түсімдер                                | 76.500              | 57.805           | 491.869                    | 626.174            |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>          | 1.343.259           | 774.870          | 6.305.753                  | 8.423.882          |
| Түсімдер                                | —                   | <b>28.152</b>    | —                          | <b>28.152</b>      |
| Шығулар                                 | —                   | <b>(1.410)</b>   | <b>(1.291.138)</b>         | <b>(1.292.548)</b> |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>          | <b>1.343.259</b>    | <b>801.612</b>   | <b>5.014.615</b>           | <b>7.159.486</b>   |
| <b>Жинақталған тозу және құнсыздану</b> |                     |                  |                            |                    |
| <b>2020 жылғы 31 желтоқсан</b>          | (395.886)           | (645.125)        | (546.692)                  | (1.587.703)        |
| Бір жылға есептеу                       | (215.348)           | (21.697)         | —                          | (237.045)          |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>          | (611.234)           | (666.822)        | (546.692)                  | (1.824.748)        |
| Бір жылға есептеу                       | <b>(229.872)</b>    | <b>(41.216)</b>  | —                          | <b>(271.088)</b>   |
| Шығулар                                 | —                   | <b>1.410</b>     | —                          | <b>1.410</b>       |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>          | <b>(841.106)</b>    | <b>(706.628)</b> | <b>(546.692)</b>           | <b>(2.094.426)</b> |
| <b>Қалдық құны</b>                      |                     |                  |                            |                    |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>          | 732.025             | 108.048          | 5.759.061                  | 6.599.134          |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>          | <b>502.153</b>      | <b>94.984</b>    | <b>4.467.923</b>           | <b>5.065.060</b>   |

2022 жылғы 31 желтоқсанға пайдаланудағы өзін-өзі толық амортизациялаған негізгі құралдардың бастапқы құны мен тиісті жинақталған амортизациясы 230.670 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 230.670 мың теңге).

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)****Шығулар**

2022 жылы аяқталмаған құрылыстан шығу деректерді жинау мен газды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін диспетчерлеу жөніндегі кешенді жұмыстарға арналған шығындарды ішінара қайтарумен байланысты.

**5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес ұйымдарға инвестициялар жатады:

| <i>Мың теңгемен</i>                                                           | <b>2022 жыл</b>     | <b>2021 жыл</b> |
|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------|-----------------|
| «Интергаз Орталық Азия» АҚ                                                    | <b>419.253.602</b>  | 417.522.862     |
| «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ                                                        | <b>210.352.147</b>  | 202.052.107     |
| «QazaqGaz Барлау және Өндіру» ЖШС                                             | <b>24.028.786</b>   | 24.028.786      |
| «ҚазМұнайГаз Сервис-NS» АҚ                                                    | <b>19.962.670</b>   | 19.044.365      |
| «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС                                                    | <b>13.397.351</b>   | 13.397.351      |
| «Qazaq Gas Qurylys» ЖШС                                                       | <b>6.456.145</b>    | 6.456.145       |
| «КТГ Финанс Б.В.»                                                             | <b>5.981.871</b>    | 5.981.871       |
| «КазТрансГаз Бишкек» ЖШҚ                                                      | <b>43.304</b>       | 43.304          |
| Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздану резервін шегере отырып | <b>(33.584.623)</b> | (32.666.318)    |
|                                                                               | <b>665.891.253</b>  | 655.860.473     |

**Түсімдер**

2022 жылы Компания «ИОА» берген пайыздық қарыздар бойынша 1.730.740 мың теңге мөлшеріндегі әділ құны мен номиналдық құн арасындағы айырманы таныды (2021 жыл: «ИОА» берген пайыздық қарыздар бойынша 21.352.216 мың теңге және «ҚТҚ Аймақ» берген пайызсыз қарыздар бойынша 442.491 мың теңге) (8-ескертпе).

2022 жылы Компания тиісінше 918,305 мың теңге және 8.300.040 мың теңге сомасына «ҚМГ Сервис-NS» және «ҚТГ Аймақ» ақшалай салымдары түріндегі инвестицияларды жүзеге асырды (2021 жыл: 2.389.530 теңге және 2.294.082 мың теңге тиісінше «ҚТГ Қаржы» және «ҚМГ Сервис-NS»).

**Құнсыздану**

2022 жылы Компания 918.305 мың теңге жалпы сомаға «ҚМГ Сервис-NS» инвестициялардың құнсыздануынан болған зиянды мойындады (2021 жылы: «КТГ Финанс» мен «ҚМГ Сервис-NS»-ке 4.683.612 мың теңге сомаға инвестициялар).

**6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларға мыналар жатады:

| <i>Мың теңгемен</i>             | <b>2022 жыл</b>   | <b>2021 жыл</b> |
|---------------------------------|-------------------|-----------------|
| «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС | <b>89.577.549</b> | 89.577.549      |
| «Азиялық газқұбыры» ЖШС         | <b>600.000</b>    | 600.000         |
| «Отан Газ» ЖШС                  | <b>210.139</b>    | 210.139         |
|                                 | <b>90.387.688</b> | 90.387.688      |

**7. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР**

| <i>Мың теңгемен</i>                                              | <b>2022 жыл</b>   | <b>2021 жыл</b> |
|------------------------------------------------------------------|-------------------|-----------------|
| <b>Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар</b>            |                   |                 |
| Байланысты тараптарға берілген аванстар (31-ескертпе)            | <b>15.015.169</b> | 5.887           |
|                                                                  | <b>15.015.169</b> | 5.887           |
| <b>Айналымдағы активтер мен қызметтер үшін берілген аванстар</b> |                   |                 |
| Байланысты тараптарға берілген аванстар (31-ескертпе)            | <b>2.455.797</b>  | 1.220           |
| Үшінші тараптарға берілген аванстар                              | <b>329.520</b>    | 16.670.651      |
|                                                                  | <b>2.785.317</b>  | 16.671.871      |

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****7. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР (жалғасы)**

2022 жылғы 31 желтоқсанға байланысты тараптарға айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар негізінен «Самұрық-Энерго» АҚ-ға «Тегіс Мұнай» ЖШС-дегі 100% қатысу үлесі үшін 13.178.650 мың теңге мөлшерінде берілген аванстармен білдірілген (2-ескертпе).

**8. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРҒА БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР**

31 желтоқсанға байланысты тараптарға қарыздарға келесі позициялар кірді:

| Мың теңгемен                                          | 2022 жыл          | 2021 жыл           |
|-------------------------------------------------------|-------------------|--------------------|
| <b>Амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері</b> |                   |                    |
| Байланысты тарапқа берілген пайыздық қарыздар         | 69.685.566        | 240.046.477        |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар      | 5.715.096         | 11.088.949         |
| Плюсы: алынуға жататын пайыздар                       | 1.655.032         | 3.238.804          |
| Минусы: дисконт                                       | (20.409.468)      | (23.940.375)       |
| Минусы: құнсыздану                                    | —                 | (938.246)          |
|                                                       | <b>56.646.226</b> | <b>229.495.609</b> |
| Қысқа мерзімді бөлік (31-ескертпе)                    | (10.895.130)      | (5.140.621)        |
| Ұзақ мерзімді бөлік (31-ескертпе)                     | 45.751.096        | 224.354.988        |

Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгерістер былайша берілген:

| Мың теңгемен          | 2022 жыл         | 2021 жыл         |
|-----------------------|------------------|------------------|
| <b>1 қаңтарға</b>     | <b>(938.246)</b> | <b>(938.246)</b> |
| Қалпына келтіру       | 938.246          | —                |
| <b>31 желтоқсанға</b> | <b>—</b>         | <b>(938.246)</b> |

**Пайыздық қарыздар****«ИОА»**

2021 жылы Компания «ИОА»-ға 2032 жылғы 13 шілдеде өтеу мерзімімен «Қашаған» газды кешенді дайындау қондырғысынан компрессорлық станциясы бар «Мақат - Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбырына дейін магистральдық газ құбырын салу» инвестициялық жобаны қаржыландыру үшін жылына 5% мөлшерлеме бойынша 64.909.463 мың теңге мөлшерінде қарыз берді.

Қарыз бастапқы мойындау кезінде қарыз бойынша келешек ақша ағындарын 13,2% нарықтағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттау арқылы айқындалған әділ құны бойынша мойындалды. Әділ құны мен номиналды құны арасында 21.352.216 мың теңге мөлшеріндегі айырма ИОА-ға инвестиция ретінде танылды (5-ескертпе).

2022 жылы Компания «ИОА»-мен жасалған осы қарыз шарты бойынша 4.776.103 мың теңге жалпы сомаға үш транш берді. Қарыз бастапқы мойындау кезінде қарыз бойынша келешек ақша ағындарын 14,1-15,7% нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттау арқылы айқындалған әділ құны бойынша мойындалды. Әділ құны мен номиналды құны арасында 1.730.740 мың теңге мөлшеріндегі айырма «ИОА»-ға инвестиция ретінде танылды (5-ескертпе).

**«БШГ»**

2017 жылғы қыркүйекте Компания Қытайдың Даму Банкімен, Қытай Лимитед Банкімен және Қытай (Гонконг) Лимитед Банкімен жасалған несиелік келісімі бойынша БШГ алған банк қарызын мерзімінен бұрын ішінара өтеу үшін жылына 5,5% пайыздық мөлшерлеменен 133.716.000 мың теңге (баламасы 400.000 мың АҚШ доллары) мөлшерінде сомасында БШГ-ға қарыз берді. Қарыз АҚШ долларында индексацияланды. Қарызды өтеу күні - 2029 жылғы 31 тамыз.

2022 жылғы қазан айында «БШГ» 190.740.993 мың теңге (баламасы 405.720 мың АҚШ доллары) және тиісінше 10.994.637 мың теңге (әрбір өтеу күнгі баламасы 23.864 мың АҚШ доллары) мөлшерінде несиелік келісімі бойынша негізгі борыш пен есептелген пайыздарды мерзімінен бұрын өтеді.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****8. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРҒА БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР (жалғасы)****Пайызсыз қарыздар***«ҚТГ Аймақ»*

2021 жылы Компания «ҚТГ Аймақ»-қа 2023 жылғы 30 сәуірде өтеу мерзімімен «Тараз қ. газды бөлу желісін жаңғырту» инвестициялық жобаны іске асыру үшін 2.187.132 мың теңге сомаға пайызсыз қарыз берді. Қарыз бастапқы мойындау кезінде қарыз бойынша келешек ақша ағындарын 12,8%-17% нарықтағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттау арқылы айқындалған әділ құны бойынша мойындалды. Әділ құны мен номиналды құны арасында 442.491 мың теңге мөлшеріндегі айырма «ҚТГ-Аймақ»-қа инвестиция ретінде танылды. Осы шарт шеңберінде 2022 жылы «ҚТГ Аймақ» 1.526.932 мың теңге мөлшерінде қарызды ішінара өтеді.

2021 жылы Компания «ҚТГ Аймақ»-қа 2023 жылғы 30 сәуірде өтеу мерзімімен «Газды цифрлық есепке алу» жобаны қаржыландыру үшін 812.383 мың теңге мөлшерінде қысқа мерзімді пайызсыз қарыз берді. Осы шарт шеңберінде 2022 жылы «ҚТГ Аймақ» 1.100.000 мың теңге мөлшерінде қарызды мерзімінен бұрын өтеді.

*«КМГ Сервис-NS»*

2022 жылы Компания «КМГ Сервис-NS» пайдасына 319.260 мың теңге (2021 жылы: 591.500 мың теңге) сомаға қысқа мерзімді пайызсыз қарыздар берді.

*«ҚТГ Финанс»*

2020 жылы Компания «ҚТГ Қаржы»-ға 2025 жылғы 31 желтоқсанда өтеу мерзімімен 7.000.000 мың теңге сомаға пайызсыз қарыз берді. Қарыз бастапқы мойындау кезінде қарыз бойынша келешек ақша ағындарын 13,3% нарықтағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттау арқылы айқындалған әділ құны бойынша мойындалды.

2022 жылы «ҚТГ Қаржы» 7.000.000 мың теңге мөлшерінде қарызды мерзімінен бұрын өтеді.

*«GPC Investment»*

2022 жылы Компания «GPC Investment» ЖШС-мен «Атырау облысындағы Қашаған кен орнында қуаты 1,15 млрд текше метр газ өңдеу зауытын салу» жобасын қаржыландыру үшін 40.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға қаржылық көмек шартын жасасты. Осы шарт шеңберінде 2022 жыл ішінде Компания 2023 жылғы 12 қыркүйекке дейін қайтару мерзімімен 3.933.819 мың теңге жалпы сомаға 2 транш берді.

Қарыз бастапқы мойындау кезінде қарыз бойынша келешек ақша ағындарын 16,1% және 18,2% нарықтағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконттау арқылы айқындалған әділ құны бойынша мойындалды. 499.299 мың теңге мөлшеріндегі қарыздың берілген сомасы мен әділ құны арасындағы айырма қаржылық шығыстар ретінде танылды (29-ескерте).

**9. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА, ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН ҚҚС ЖӘНЕ САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ**

31 желтоқсанға табыс салығынан басқа, өтелуге жататын ҚҚС және салықтар бойынша алдын ала төлем былайша көрсетілген:

| <i>Мың теңгемен</i>                       | <b>2022 жыл</b>     | <b>2021 жыл</b> |
|-------------------------------------------|---------------------|-----------------|
| Өтелуге жататын ҚҚС                       | <b>119.015.373</b>  | 94.865.355      |
| Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем | <b>34.111</b>       | 33.791          |
|                                           | <b>119.049.484</b>  | 94.899.146      |
| Минусы: орны толмайтын ҚҚС бойынша резерв | <b>(13.966.571)</b> | (13.966.571)    |
|                                           | <b>105.082.913</b>  | 80.932.575      |
| Ұзақ мерзімді бөлік                       | <b>78.048.802</b>   | 51.368.539      |
| <b>Қысқа мерзімді бөлік</b>               | <b>27.034.111</b>   | 29.564.036      |



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****9. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА, ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН ҚҚС ЖӘНЕ САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ (жалғасы)**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелуге жататын ҚҚС сомасы, газды ішкі нарықта шығынды сағумен байланысты өтелуге жататын ҚҚС-ты қоса алғанда, 119.015.373 мың теңге болды. Компания болашақта кіріс ҚҚС есебін қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде ішкі нарықта газ сағуға арналған реттелетін тарифтердің өсуін күтуде. Қазақстан Республикасының Салық кодексі кіріс ҚҚС-ты өтеу мерзіміне қатысты шектеулер белгілемейтіндіктен, Компания ішкі нарықта газды толық көлемде өткізу кезінде кіріс ҚҚС-ты өтеуді күтеді.

**10. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ**

| Мың теңгемен                                          | Валюта | Шығару | Өтеу мерзімі | Пайыздық мөлшерлем е | 2022 жыл         | 2021 жыл         |
|-------------------------------------------------------|--------|--------|--------------|----------------------|------------------|------------------|
| <b>Амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері</b> |        |        |              |                      |                  |                  |
| ҚРҰБ ноттары                                          | Теңге  | –      | –            | 14,48-16,72%         | 30.000.000       | –                |
| ҚТГ Аймақ облигациялары                               | Теңге  | 2016   | 2025         | 7,5%                 | 10.654.281       | 10.654.281       |
|                                                       |        |        |              |                      | 40.654.281       | 10.654.281       |
| Плюсы: алынуға жататын пайыздар                       |        |        |              |                      | 28.538           | 28.538           |
| Минусы: дисконт                                       |        |        |              |                      | (1.405.423)      | (1.771.951)      |
|                                                       |        |        |              |                      | 39.277.396       | 8.910.868        |
| Ағымдағы бөлікті шегергенде                           |        |        |              |                      | (30.028.538)     | (28.538)         |
| <b>Ұзақ мерзімді бөлік</b>                            |        |        |              |                      | <b>9.248.858</b> | <b>8.882.330</b> |

Компания аукционда өтеу мерзімі 28 күн, жалпы сомасы 97.892.313 мың теңге және кірістілік мөлшерлемесі 14,48% -16,72% болатын ҚРҰБ қысқа мерзімді Ноттарын сатып алды. 2022 жылғы 31 желтоқсанға ашылу көлемінің қалдығы 30.000.000 мың теңге болды.

**«ҚТГ Аймақ»**

2016 жылы Компания купонды 2025 жылғы 18 желтоқсанға дейін әр жылдың 18 маусымы мен 18 желтоқсанында төлей отырып жылдық 7,5% мөлшерлемесімен әрқайсысының номиналды құны 1.000 теңге болатын «ҚҚБ»-да орналастырылған «ҚТГ-Аймақ» 10.654.281 купондық облигациясын сатып алды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша облигациялардың баланстық құны 9.277.396 мың теңге (2021 жылы: 8.910.868 мың теңге) болды (31-ескертпе).

**11. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР**

| Мың теңгемен                                                      | 2022 жыл  | 2021 жыл |
|-------------------------------------------------------------------|-----------|----------|
| QazaqGaz БӨ-нің газ қарызының шарты бойынша берешек (31-ескертпе) | 8.348.160 | –        |
| Басқасы                                                           | 14.305    | 20.336   |
|                                                                   | 8.362.465 | 20.336   |

2022 жылғы 2 ақпанда Компания «QazaqGaz БӨ»-мен тауарлық газ қарызы шартын жасады, соған сәйкес Компания «QazaqGaz БӨ»-ге көлемі 500.000 мың текше метрден аспайтын тауарлық газды береді, оны «QazaqGaz БӨ» Компанияға дәл сондай көлемде және Шарттың сол талаптарында қайтаруға міндеттенеді. Тауарлық газ қарызы пайызсыз, қайтарымды болып табылады. 2022 жылдың ішінде Компания 352.227 мың шаршы метр тауарлық газды берді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания осы газ қарызын 8.348.160 мың теңге сомасында бағалады, ол 2023 және 2024 жылдарға арналған газдың болжамды өндірістік өзіндік құнын көрсетеді. Қарыз шарты бойынша бағаланған газ құны мен 2.019.917 мың теңге сомасындағы газдың өзіндік құны арасындағы айырма басқа да операциялық кірістер құрамында танылды (27-ескертпе).



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****12. БАНКТІК ДЕПОЗИТТЕР**

| <i>Мың теңгемен</i>                                                                       | <b>2022 жыл</b>  | <b>2021 жыл</b> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|-----------------|
| Өтеу мерзімі бес жылдан асатын теңгемен банк салымдары                                    | <b>495.472</b>   | 753.891         |
| <b>Ұзақ мерзімді бөлік</b>                                                                | <b>495.472</b>   | 753.891         |
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | <b>1.676.783</b> | 12.951.419      |
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын теңгемен банк салымдары         | <b>3.696</b>     | 7.923           |
| <b>Қысқа мерзімді бөлік</b>                                                               | <b>1.680.479</b> | 12.959.342      |

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша депозиттер 3 айдан 1 жылға дейінгі өтеу мерзімімен АҚШ долларында жылына 0-2% пайыздық мөлшерлеме бойынша (2021 жыл: 0,15%-1%) банктерде орналастырылған.

**13. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары мыналарды қамтыды:

| <i>Мың теңгемен</i>                                                                                 | <b>2022 жыл</b>    | <b>2021 жыл</b> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|-----------------|
| АҚШ долларындағы салымдар                                                                           | <b>191.776.854</b> | 122.189.302     |
| Теңгемен салымдар                                                                                   | <b>24.914.731</b>  | 5.078.075       |
| Шетел валютасындағы банк шоттары                                                                    | <b>193.045.858</b> | 98.353.056      |
| Теңгемен банк шоттары                                                                               | <b>208.174</b>     | 8.357.581       |
| Талап өтуге дейінгі брокерлік шоттардағы қалдықтар                                                  | <b>34.793.929</b>  | –               |
| Теңгемен кемінде үш ай өтеудің бастапқы мерзімі бар сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары | <b>22.508.059</b>  | –               |
| Жолдағы ақша қаражаты                                                                               | –                  | 19.289          |
| Кассадағы қолма-қол ақша                                                                            | <b>1.372</b>       | 4.565           |
|                                                                                                     | <b>467.248.977</b> | 234.001.868     |

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты пайызсыз болып табылады.

Компания бос өтімділіктің бір бөлігін тұрақты түрде 5-7 күн орналастыру мерзімімен мемлекеттік және басқа бағалы қағаздардың кепіліне АвтоРЕПО сияқты ақша нарығының құралдарына орналастырады.

**14. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша табиғи газ қорлары 31.819.017 мың теңге (2021 жылы: 32.875.188 мың теңге) болды.

**15. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа да дебиторлық берешек мынаны қамтыды:

| <i>Мың теңгемен</i>                                               | <b>2022 жыл</b>    | <b>2021 жыл</b> |
|-------------------------------------------------------------------|--------------------|-----------------|
| Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі (31-ескертпе)    | <b>80.957.968</b>  | 61.973.614      |
| Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі                      | <b>68.457.009</b>  | 129.452.587     |
| Байланысты тараптардың басқа да дебиторлық берешегі (31-ескертпе) | <b>541.248</b>     | 2.023.544       |
| Үшінші тараптардың өзге дебиторлық берешегі                       | <b>3.875.098</b>   | 51.677          |
|                                                                   | <b>153.831.323</b> | 193.501.422     |
| Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві                           | <b>(2.638.874)</b> | –               |
|                                                                   | <b>151.192.449</b> | 193.501.422     |

31 желтоқсанға сауда дебиторлық берешек келесі валюталарда деноминацияланған:

| <i>Мың теңгемен</i> | <b>2022 жыл</b>    | <b>2021 жыл</b> |
|---------------------|--------------------|-----------------|
| Теңге               | <b>92.801.711</b>  | 73.960.499      |
| АҚШ доллары         | <b>58.390.738</b>  | 119.540.923     |
|                     | <b>151.192.449</b> | 193.501.422     |

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****15. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)**

Күтілетін несиелік зиян (КНЗ) резервіндегі өзгерістер былайша берілген:

| Мың теңгемен                    | 2022 жыл           | 2021 жыл |
|---------------------------------|--------------------|----------|
| <b>1 қаңтарға</b>               | –                  | –        |
| Шетел валюталарын қайта есептеу | 30.228             | –        |
| Есептеу                         | (2.669.102)        | –        |
| <b>31 желтоқсанға</b>           | <b>(2.638.874)</b> | –        |

Төменде резервтер матрицасын пайдалана отырып Компанияның сауда және басқа да дебиторлық берешегінің несиелік тәуекел туралы ақпарат көрсетілген:

| Мың теңгемен                              | Жиыны       | Қысқа мерзімді | Мерзімі өткен күндер саны |            |           |            |           |
|-------------------------------------------|-------------|----------------|---------------------------|------------|-----------|------------|-----------|
|                                           |             |                | <30 күн                   | 30-60 күн  | 60-90 күн | 90-120 күн | >120 күн  |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>            |             |                |                           |            |           |            |           |
| КНЗ деңгейі                               | 1,72%       | 0,00%          | –                         | –          | –         | –          | 80,20%    |
| Дефолт кезінде есепті жалпы баланстық құн | 153.831.323 | 150.540.869    | –                         | –          | –         | –          | 3.290.454 |
| КНЗ                                       | 2.638.874   | –              | –                         | –          | –         | –          | 2.638.874 |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>            |             |                |                           |            |           |            |           |
| КНЗ деңгейі                               | 0,00%       | 0,00%          | –                         | 0,00%      | –         | –          | 0,00%     |
| Дефолт кезінде есепті жалпы баланстық құн | 193.501.422 | 163.969.055    | –                         | 29.483.899 | –         | –          | 48.468    |
| КНЗ                                       | –           | –              | –                         | –          | –         | –          | –         |

Сауда және басқа да дебиторлық берешек пайызсыз болып табылады.

**16. КАПИТАЛ****Жарғылық капитал**

| Мың теңгемен                     | Айналыстағы жай акциялар (акциялар саны) |                                       |                                         |                             |                             | Жарғылық капитал жиыны, мың теңгемен |
|----------------------------------|------------------------------------------|---------------------------------------|-----------------------------------------|-----------------------------|-----------------------------|--------------------------------------|
|                                  | 100 теңге мөлшеріндегі номиналды құны    | 138 теңге мөлшеріндегі номиналды құны | 2.500 теңге мөлшеріндегі номиналды құны | Номиналды құны 10.000 теңге | Номиналды құны 17.632 теңге |                                      |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b> | 312.167.670                              | 1                                     | 30.976.655                              | 30.455.065                  | 1.006.717                   | 430.959.489                          |
| 2021 жылғы 31 желтоқсанға        | 312.167.670                              | 1                                     | 30.976.655                              | 29.137.200                  | 1.006.717                   | 417.780.839                          |

Жай акциялар олардың иесіне акционерлердің Жалпы жиналысының құзыреті шегінде барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығын береді. Жай акциялар бойынша дивидендтер акционердің қарауына қарай төленеді. 2022 және 2021 жылдары Компания дивидендтерді төлеген жоқ.

2022 жылы Компания 13.178.650 мың теңге сомаға номиналды құны 10.000 теңге болатын 1.317.865 жай акцияны шығарды. Акцияларды Компанияның «Тегіс Мұнай» ЖШС-нің 100% акциясын сатып алуын қаржыландыру мақсатында «Самұрық-Қазына» сатып алды (7-ескертпе).

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****16. КАПИТАЛ (жалғасы)****Акциялардың баланстық құны**

| <i>Мың теңгемен</i>                                                               | <b>2022 жыл</b>      | <b>2021 жыл</b> |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------|-----------------|
| <b>Активтердің жиыны</b>                                                          | <b>1.674.624.599</b> | 1.580.179.633   |
| Минусы: материалдық емес активтер                                                 | (577.328)            | (1.031.828)     |
| Минусы: міндеттемелер жиыны                                                       | (602.392.446)        | (625.892.119)   |
| <b>Жай акцияның құнын ҚҚБ талаптарына сәйкес есептеуге арналған таза активтер</b> | <b>1.071.654.825</b> | 953.255.686     |
| Жай акциялар саны                                                                 | 374.606.108          | 373.288.243     |
| <b>ҚҚБ талаптарына сәйкес бір жай акцияның мың теңгемен құны, мың теңгемен</b>    | <b>2,861</b>         | 2,554           |

«Қазақстан қор биржасы» АҚ («ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілігі ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күні бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс.

**Акцияға пайда**

Акцияға арналған базалық және бөлінген пайда жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі кезеңдегі таза кірісті кезең ішінде айналыста болатын акциялардың санына бөлу арқылы есептеледі.

Келесі кестеде аяқталған есепті кезеңдер үшін акцияға базалық пайданы есептеу үшін пайдаланылған кірістер пен акциялар туралы деректер келтірілген:

| <i>Мың теңгемен</i>                                                                                | <b>2022 жыл</b>    | <b>2021 жыл</b> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|-----------------|
| Базалық және акцияға бөлінген пайданы есептеу үшін акционерге тиесілі таза кіріс                   | <b>104.765.989</b> | 175.420.533     |
| Акцияға базалық және көбейту пайдасына жай акциялардың орташа өлшенген саны                        | <b>374.606.108</b> | 373.288.243     |
| <b>Бас компанияға келетін кезеңдегі акцияға арналған базалық және бөлінген пайда, мың теңгемен</b> | <b>0,28</b>        | 0,47            |

**17. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР**

31 желтоқсанға шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар кірді:

| <i>Мың теңгемен</i>                                            | Шығару | Өтеу мерзімі | Пайыздық мөлшерлем е | 2022 жыл           |                    | 2021 жыл    |              |
|----------------------------------------------------------------|--------|--------------|----------------------|--------------------|--------------------|-------------|--------------|
|                                                                |        |              |                      | АҚШ доллары        | Мың теңгемен       | АҚШ доллары | Мың теңгемен |
| Номиналды құны                                                 | 2017   | 2027         | 4,375%               | <b>706.320.000</b> | <b>326.778.948</b> | 706.320.000 | 304.988.976  |
|                                                                |        |              |                      | <b>706.320.000</b> | <b>326.778.948</b> | 706.320.000 | 304.988.976  |
| Плюсы: төленуге жататын пайыздар                               |        |              |                      |                    | <b>3.679.148</b>   |             | 3.433.819    |
| Минусы: дисконт                                                |        |              |                      |                    | <b>(349.879)</b>   |             | (395.495)    |
| Минусы: мемліелер бойынша амортизацияланбаған шығындар         |        |              |                      |                    | <b>(181.077)</b>   |             | (219.280)    |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома |        |              |                      |                    | <b>(3.679.148)</b> |             | (3.433.819)  |
| <b>12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар</b>                  |        |              |                      |                    | <b>326.247.992</b> |             | 304.374.201  |

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****18. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР**

31 желтоқсанға пайыздық қарыздар мынаны қамтыды:

| <i>Мың теңгемен</i>                                            | <b>Өтеу мерзімі</b> | <b>Пайыздық мөлшерлеме</b> | <b>2022 жыл</b>     | <b>2021 жыл</b> |
|----------------------------------------------------------------|---------------------|----------------------------|---------------------|-----------------|
| ВТБ Қазақстан Банкі және ВТБ Банкі (ПАО)                       | 2023                | КС ЦБР + 2,15%             | <b>91.595.350</b>   | 87.272.640      |
|                                                                |                     |                            | <b>91.595.350</b>   | 87.272.640      |
| Плюсы: төленуге жататын пайыздар                               |                     |                            | <b>896.003</b>      | 872.747         |
| Минусы: мәмілелер бойынша амортизацияланбаған шығындар         |                     |                            | <b>(117.629)</b>    | (269.476)       |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома |                     |                            | <b>(92.373.724)</b> | (872.747)       |
| <b>12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар</b>                  |                     |                            | <b>-</b>            | 87.003.164      |

**ВТБ Қазақстан Банкі және ВТБ Банкі (ПАО)**

2020 жылғы 16 қарашадағы несиелік шарттарына сәйкес, 2020 жылы Компания ВТБ Қазақстан Банкі мен ВТБ Банкінен (ПАО) Ресейдің Орталық банкінің негізгі мөлшерлемесі бойынша + жылдық 2,15% «Société Générale» корпоративтік және инвестициялық-банктік қызмет көрсету бөлімшесінен қарызды қайта қаржыландыру үшін 84.621.155 мың теңге жалпы сомаға (баламасы 15.151.500 мың рубль) қарыз алды. Бұл қарыз 2023 жылғы 16 қарашада өтелуі тиіс.

2022 жыл ішінде Компания «Банк ВТБ Қазақстан» АҚ-мен несиелік келісімі бойынша 5.130.790 мың теңге (баламасы 906.500 мың рубль) мөлшерінде негізгі борышты толығымен өтеді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «QG»-ның «Банк ВТБ» ЖАҚ алдында жоғарыда аталған несиелік шарты бойынша 91.595.350 мың теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсан: «Банк ВТБ Қазақстан» АҚ мен «Банк ВТБ» ЖАҚ алдында 87.272.640 мың теңге) негізгі борыштың жалпы сомасы бар.

**19. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР**

| <i>Мың теңгемен</i>                                            | <b>2022 жыл</b>    | <b>2021 жыл</b> |
|----------------------------------------------------------------|--------------------|-----------------|
| Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар                   | <b>17.226.204</b>  | 24.109.052      |
| Плюсы: төленуге жататын пайыздар                               | <b>182</b>         | 255             |
| Минус амортизацияланбаған дисконт                              | <b>(1.379.274)</b> | (2.569.552)     |
|                                                                | <b>15.847.112</b>  | 21.539.755      |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | <b>(7.737.372)</b> | (6.846.109)     |
| <b>12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар</b>                   | <b>8.109.740</b>   | 14.693.646      |

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырағыш келеді және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, облыстық және ұлттық салық органдарының қайшы пікірлері, оның ішінде ХҚЕС-ке сай түсімдердің, шығыстардың және қаржылық есептіліктің басқа да баптарының есепке алынуына қатысты пікірлер кездесіп тұрады. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылып жүрген салық заңдарының негізінде мәлімделген және анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Салық тексерулері тексеру жылының алдындағы қызметтің 5 (бес) күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда тексерулер бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

**Трансферттік баға белгілеуді бақылау**

Қазақстанда трансфертті баға белгілеуге бақылау шаралары кең және мәміленің қатысушылары байланысты тараптар болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама қатысы бар көптеген транзакцияларға қолданылады. Трансфертті баға тұзу туралы заң операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді.

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу туралы жаңа заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Оның үстіне, заңда әзірлеу кезеңінде тұрған егжей-тегжей нұсқаулықтар жоқ. Нәтижесінде, операциялардың әр алуан түрлеріне трансфертті баға белгілеу туралы заңды қолдану нақты көрсетілген болып табылмайды.

Трансферттік баға белгілеу туралы Қазақстандық заңмен байланысты белгісіздіктің салдарынан салық органдарының ұстанымы Компанияның ұстанымынан ерекшеленуі мүмкін деген тәуекел бар, бұл 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың қосымша сомаларына әкеп соқтыруы мүмкін. Басшылық трансферттік баға белгілеу жөніндегі қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Компанияның трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

**Қоршаған ортаны қорғау мәселелері**

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар елеулі болуы мүмкін. Заңнамада қолданылып жүрген ережелер, азаматтық талаптар немесе өзгерістерді өте қатаң түсіндіру нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті міндеттемелер дұрыс бағалануы мүмкін емес.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, басшылық Компания қызметінің жекелеген қаржылық нәтижелеріне және оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін әлде ықтимал экологиялық міндеттемелер жоқ деп есептейді.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****32. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Сақтандыру мәселелері**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму халінде болып отыр, басқа елдерде таралған сақтандырудың көптеген түрлері Қазақстан Республикасында қол жетімсіз болып отыр. Компанияның өндірістік ғимараттарға, өндірістік процестің тоқтап қалу залалдарына, сондай-ақ Компания объектілерінде немесе оның қызметінің барысында болған апаттардың нәтижесінде мүлікке немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілікке қатысты толық сақтандыру өтемі жоқ. Компания баламалы сақтандыру өтемін алмайынша, кейбір активтердің бұзылу залалдарының және жоғалту тәуекелі болады, бұл Компания қызметінің жекелеген қаржылық нәтижелеріне және оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс ықпал етуі мүмкін.

**Сот шағымдары мен талаптары**

Компания ағымдағы қызметінің барысында сот шағымдары мен талаптарының объектісі болып табылады. Басшылық мұндай істер немесе шағымдардың нәтижесінде туындайтын түпкілікті міндеттеме, егер ондай орын алатын болса, Компанияның қаржылық жағдайына немесе қызметінің келешек қаржылық нәтижелеріне айтарлықтай теріс әсерін тигізбейді деп есептейді.

**Соттың істі қарауы**

2019 жылы Компания «Азиягаз Чунджа» ЖШС-нен 2.026 мың текше метр газ сатып алды. 2022 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігі («Агенттік») «Азиягаз Чунджа» ЖШС иелеріне, сондай-ақ осы мәмілеге қатысты Компания басшылығының бұрынғы мүшелерінің біріне қатысты тергеу жүргізіп, қылмыстық істер қозғады. 2022 жыл ішінде «Азиягаз Чунджа» ЖШС Компанияның шоттарына 14.565.318 мың теңгені қайтарды. Осы жекелеген қаржылық есептілік шығарылған күні осы тұлғаларға қатысты сот талқылаулары аяқталған жоқ. Тиісінше, Компания «Азия газ Чунджа» ЖШС-тің сот шешіміне дейін басқа қаржылық міндеттемелер құрамында қайтарған сомасын мойындады (22-ескертеме).

**33. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ****Қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаттары мен саясаты**

Компанияның негізгі қаржылық міндеттемелеріне шығарылған борыштық бағалы қағаздар, пайыздық қарыздар, сауда кредиторлық берешек және қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер кіреді. Мұндай қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты - Компанияның операцияларын қаржыландыру және еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың қызметін қолдау үшін солардың мүдделерінде банктерге кепілдіктер беру. Компанияның негізгі қаржы активтеріне байланысты тараптарға берілген қарыздар, сауда дебиторлық берешек, ақша қаражаты мен оның баламалары, банк депозиттері мен оның қызметінің нәтижесінде тікелей туындайтын басқа да қаржы активтері кіреді.

Компания, негізінен, нарықтық тәуекелге, несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағып келеді.

Компания басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Компания басшылығына қаржы тәуекелдеріне және Компанияның қаржы тәуекелдерін басқарудың тиісті тұжырымдамасына қатысты кеңес береді. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Компания басшылығына қаржы тәуекелдеріне байланысты Компания қызметі тиісті саясатқа және рәсімдерге сай жүзеге асырылатындығына көз жеткізуге көмектеседі.

**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық бағаларға тәуекелдің екі типі жатады: пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі және валюталық тәуекел. Нарықтық тәуекелге ұшырағыш қаржы құралдарына қарыздар мен депозиттер кіреді.

Компанияның пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекелдерді талдау және азайту бойынша ресми келісімдері жоқ, өйткені басшылық тәуекелді төмен деп бағалайды.

Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы позицияларға жатады.

Сезімталдық талдауы таза берешек сомасы, берешек бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемелерге тіркелген пайыздық мөлшерлемелердің ара қатынасы, сондай-ақ шетел валютасындағы қаржы құралдарының үлесі тұрақты өлшемдер болып табылады деген жорамалдың негізінде дайындалды.



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****33. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Нарықтық тәуекел (жалғасы)***Пайыздық тәуекел*

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі, ең алдымен, құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар Компанияның қарыздарына жатады.

Төмендегі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі табысының (несиелерге және құбылмалы мөлшерлемесі бар қарыздарға әсер ету есебінен) пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне (КС ЦБР) сезімталдылығы көрсетілген, әрі олардың болу мүмкіндігін басқа да өзгермелілердің өзгермеуі кезінде негізді түрде болжауға болады. Компанияның капиталына ықпалы жоқ.

| <i>Мың теңгемен</i> | <b>Базистік тармақтардың ұлғаюы/ (азаяуы)</b> | <b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға әсері</b> |
|---------------------|-----------------------------------------------|------------------------------------------------------------|
| <b>2022 жыл</b>     |                                               |                                                            |
| КС ЦБР              | 6,19%                                         | (5.666.919)                                                |
|                     | -6,19%                                        | 5.666.919                                                  |
| <b>2021 жыл</b>     |                                               |                                                            |
| КС ЦБР              | 3,00%                                         | (2.618.179)                                                |
|                     | -3,00%                                        | 2.618.179                                                  |

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар осы сәтке байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді.

**Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны шетел валюталары бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. АҚШ долларында көрсетілген шығарылған борыштық бағалы қағаздардың едәуір сомалары мен сауда кредиторлық берешектің нәтижесінде Компанияның қаржылық жағдай туралы жекелеген есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбастау бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Қаржы-шаруашылық қызмет сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды.

Төмендегі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдасының басқа да өзгермелілердің өзгермеуі кезінде негізді түрде болжауға болатын АҚШ долларының айырбастау бағамының өзгеруіне сезімталдылығы көрсетілген. Компанияның капиталына ықпалы жоқ.

| <i>Мың теңгемен</i> | <b>Бағамдағы ұлғаюы / кемуі</b> | <b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға әсері</b> |
|---------------------|---------------------------------|------------------------------------------------------------|
| <b>2022 жыл</b>     |                                 |                                                            |
| АҚШ доллары         | 21,00%                          | 25.964.709                                                 |
|                     | -21,00%                         | (25.964.709)                                               |
| <b>2021 жыл</b>     |                                 |                                                            |
| АҚШ доллары         | 13,00%                          | 344.496                                                    |
|                     | -10,00%                         | (264.997)                                                  |
| <b>2022 жыл</b>     |                                 |                                                            |
| Рубль               | 22,00%                          | (21.314.342)                                               |
|                     | -22,00%                         | 21.314.342                                                 |
| <b>2021 жыл</b>     |                                 |                                                            |
| Рубль               | 13,00%                          | (11.841.834)                                               |
|                     | -13,00%                         | 11.841.834                                                 |



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****33. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Несиелік тәуекел**

Несиелік тәуекел – қаржы құралы бойынша бір жақ міндеттемені орындай алмай, басқа тарапты қаржылық шығын көтеруге мәжбүр ететін тәуекел. Компания өзінің операциялық қызметінің және инвестициялық қызметтің кейбір түрлерінің нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметке қатысты болса, Компания қазақстандық банктерде депозиттерді орналастырады. Компания басшылығы кезең-кезеңмен төтенше несиелік тәуекелдерді болдырмау мақсатында бұл банктердің несиелік рейтингтеріне шолу жасап отырады. Компания басшылығының пікірінше, жақында болған әлемдік несиелік дағдарысы мен одан кейін болған жергілікті банктердің несиелік рейтингілеріндегі өзгерістер төтенше несиелік тәуекелді ақтамайды. Тиісінше, банк салымдары бойынша құнсыздану резерві қажет емес.

Келесі кестеде «Standard & Poor's», «Fitch Ratings» және «Thomas Murray» агенттіктерінің несиелік рейтингін қолдана отырып есепті күнге ақша қаражаты мен банк салымдары бойынша сомалар көрсетілген.

| Мың теңгемен                                 | Орналасқан жері | 2022 жыл                                     | 2021 жыл                          | 2022 жыл           | 2021 жыл           |
|----------------------------------------------|-----------------|----------------------------------------------|-----------------------------------|--------------------|--------------------|
| «Ситибанк Қазақстан» АҚ                      | Қазақстан       | Standard & Poor's<br>A+/тұрақты              | Standard & Poor's<br>A+/тұрақты   | 119.666.792        | 64.215.346         |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ                   | Қазақстан       | Standard & Poor's<br>BB+/ тұрақты            | Standard & Poor's<br>BB+/ тұрақты | 118.291.592        | 24.598.477         |
| «First Heartland Jysan Bank» АҚ              | Қазақстан       | Moody's<br>Ba3/тұрақты                       | Standard & Poor's<br>B/негативті  | 74.479.920         | 43.190.442         |
| «Қытай Банкі» ЕБ                             | Қазақстан       | Fitch Ratings<br>BBB+/тұрақты                | Standard & Poor's<br>A/ тұрақты   | 64.771.468         | 44.037.217         |
| «Бағалы Қағаздардың Орталық Депозитарийі» АҚ | Қазақстан       | Thomas Murray<br>A+/позитивті/A              | Thomas Murray<br>A+/позитивті/A   | 34.793.929         | 1.045              |
| «Forte Bank» АҚ                              | Қазақстан       | Standard & Poor's<br>BB-/негативті           | Standard & Poor's<br>B+/оң        | 26.574.710         | 220.555            |
| «Алтын Банк» АҚ                              | Қазақстан       | Moody's<br>Ba3/тұрақты                       | Moody's<br>Ba3/тұрақты            | 8.325.904          | 4.077.468          |
| «Қазпошта» АҚ                                | Қазақстан       | –                                            | –                                 | 10.709             | –                  |
| «Московский кредитный банк» АҚ               | Ресей           | Moody's<br>Рейтинг қайтарылып алынды         | Moody's<br>Ba3/тұрақты            | 321                | 55.101             |
| «Газпромбанк» АҚ                             | Ресей           | Moody's<br>Standard & Poor's<br>BB+/ тұрақты | Standard & Poor's<br>BB+/ тұрақты | 120                | 110                |
| Банк ВТБ Қазақстан                           | Қазақстан       | Standard & Poor's<br>BB+/ тұрақты            | Standard & Poor's<br>B+/ тұрақты  | 32                 | 4.735.338          |
| «Сбербанк» АҚ                                | Қазақстан       | Moody's<br>Рейтинг қайтарылып алынды         | Moody's<br>Ba1/позитивті          | –                  | 62.560.061         |
| Citibank N.A. Лондон                         | Англия          | Moody's<br>Aa3/тұрақты                       | Standard & Poor's<br>A+/тұрақты   | –                  | 87                 |
|                                              |                 |                                              |                                   | <b>446.915.497</b> | <b>247.691.247</b> |

Операциялардың қолданыстағы деңгейі кезінде басшылық Компания несиелік бақылаудың және өнеркәсіптік тұтынушылар мониторингінің тиісті рәсімдерін белгіледі деп есептейді, бұл Компания танылған, несиені төлеуге қабілетті үшінші тараптармен сауда операцияларын жасауға мүмкіндік береді.

Компания қолдағы сауда дебиторлық берешекке тұрақты мониторинг жасап отырады, соның нәтижесінде үмітсіз берешектің пайда болу тәуекелі елеусіз болып табылады. Несиелік тәуекелдер дербес негізде құнсыздану резервтерін құру арқылы көрсетіледі. Несиелік тәуекелдердің шоғырлануы негізінен негізгі шоттарға, атап айтқанда халықаралық клиенттерге жатады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, байланысты тарапқа берілген қарыздар, басқа да қаржы активтері, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек пен сауда дебиторлық берешек кіретін Компанияның басқа да қаржы активтері бойынша туындайтын несиелік тәуекелге қатысты Компанияның несиелік тәуекелге ұшырағыштығы контрагент дефолтының нәтижесінде туындайды, ал тәуекелдің ең көп мөлшері мұндай құралдардың ағымдағы құнына тең болады.

Қаржы активтері үшін ең көп несиелік тәуекел 8, 10, 12, 13 және 15 ескертпелерде ашылып көрсетілген баланстық құнмен шектелген. Пут опцион бойынша берілген қаржылық кепілдік пен міндеттемеге қатысты, несиелік тәуекелдің ең жоғары деңгейі бұл ескертпенің өтімділік тәуекелі туралы бөлімінде көрсетілгендей, кепілдік берілген қарыз туралы келісімнің номиналды құнына және тиісінше, опцион орындалған жағдайда міндеттеменің номиналды құнына тең болады.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****33. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – бұл Компанияда қаржылық құралдарға байланысты міндеттемелерді өтеуге қажетті қаражат алуға туындайтын қиындықтар тәуекелі. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жуық құны бойынша қаржы активін шұғыл өткізу мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар үнемі қадағаланып отырады және басшылық олардың туындауына қарай міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын көлемде қаражаттың болуын қадағалап отырады.

Төмендегі кестеде 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігіндегі Компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдері туралы қорытынды ақпарат берілген:

| Мың теңгемен                                        | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | >5 жыл            | Жиыны              |
|-----------------------------------------------------|-----------------------|----------------------|-----------------------|------------------------|-------------------|--------------------|
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>                    |                       |                      |                       |                        |                   |                    |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар                 | –                     | 7.148.289            | 7.148.289             | 383.965.260            | –                 | 398.261.838        |
| Сауда кредиторлық берешек                           | –                     | 110.971.591          | –                     | –                      | –                 | 110.971.591        |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар             | –                     | –                    | 8.614.825             | 8.613.963              | –                 | 17.228.788         |
| Пайыздық қарыздар                                   | –                     | 2.458.771            | 98.677.678            | –                      | –                 | 101.136.449        |
| Пут-опцион бойынша міндеттеме                       | –                     | –                    | –                     | –                      | 40.510.279        | 40.510.279         |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                        | –                     | 45.201               | 135.602               | 542.410                | –                 | 723.213            |
| Қаржылық кепілдіктер шарттары бойынша міндеттемелер | –                     | 3.303.065            | 10.439.640            | 29.841.254             | 1.920.933         | 45.504.892         |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер                     | 673.348               | 323.907              | 14.830.184            | 673.261                | –                 | 16.500.700         |
|                                                     | <b>673.348</b>        | <b>124.250.824</b>   | <b>139.846.218</b>    | <b>423.636.148</b>     | <b>42.431.212</b> | <b>730.837.750</b> |

| Мың теңгемен                                        | Талап етілгенге дейін | 1 күннен айдан астам, | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | >5 жыл             | Жиыны                |
|-----------------------------------------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|------------------------|--------------------|----------------------|
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>                    |                       |                       |                       |                        |                    |                      |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар                 | –                     | 6.671.634             | 6.671.634             | 53.373.072             | 318.332.244        | 385.048.584          |
| Сауда кредиторлық берешек                           | –                     | 177.872.027           | –                     | –                      | –                  | 177.872.027          |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар             | –                     | –                     | 8.041.183             | 16.079.954             | –                  | 24.121.137           |
| Пайыздық қарыздар                                   | –                     | 2.146.369             | 6.810.589             | 96.630.075             | –                  | 105.587.033          |
| Пут-опцион бойынша міндеттеме                       | –                     | –                     | –                     | –                      | 40.510.279         | 40.510.279           |
| Жалдау бойынша міндеттемелер                        | –                     | –                     | 637.064               | –                      | –                  | 637.064              |
| Қаржылық кепілдіктер шарттары бойынша міндеттемелер | 122.923               | 22.773.170            | 69.100.179            | 186.851.987            | 5.214.386          | 284.062.645          |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер                     | –                     | 1.025.358             | –                     | 1.346.522              | –                  | 2.371.880            |
|                                                     | <b>122.923</b>        | <b>210.488.558</b>    | <b>91.260.649</b>     | <b>354.281.610</b>     | <b>364.056.909</b> | <b>1.020.210.649</b> |

Жоғарыдағы кестедегі қаржылық кепілдік бойынша міндеттемелер мұндайда кепілдік талап етілуі мүмкін тәуекелдің ең көп сомасын білдіреді. Міндеттемелердің пайда болуы күтілмейді.

**Капиталды басқару**

Капиталды басқаруға қатысты Компанияның негізгі мақсаты несиені тұрақты өтеп отыру қабілетін және Компанияның қызметін жүргізу үшін капитал жеткіліктілігінің қалыпты деңгейі мен акционерлердің пайдасын барынша көбейтуді қамтамасыз ету болып табылады.

Берешек пен капиталдың құрылымын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Компания өз капиталын басқарады. 2021 жылмен салыстырғанда Компанияның жалпы стратегиясы өзгеріссіз қалды.

Компания капиталының құрылымы 17, 18 және 19-ескертпелерде ашылып көрсетілген шығарылған борыштық бағалы қағаздар, пайыздық қарыздар мен байланысты тараптың қарыздары кіретін берешектен және бұл 16-ескертпеде ашылып көрсетілгендей жарғылық капитал, қосымша төленген капитал мен бөлінбеген пайда кіретін меншікті капиталдан тұрады.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****33. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Капиталды басқару (жалғасы)**

Компания басшылығы әр жарты жыл сайын капиталдың құрылымын талдайды. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Компанияның 1,5 аспайтын капиталға қарыз қаражаты үлесінің нысаналы коэффициенті бар.

Қарыз қаражаты үлесінің меншікті капиталға коэффициенті жыл соңына былайша көрсетілген:

| Мың теңгемен                                                | 2022 жыл            | 2021 жыл           |
|-------------------------------------------------------------|---------------------|--------------------|
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (17-ескертпе)           | 329.927.140         | 307.808.020        |
| Байланысты тараптан қарыздар (19-ескертпе)                  | 15.847.112          | 21.539.755         |
| Пайыздық қарыздар (18-ескертпе)                             | 92.373.724          | 87.875.911         |
| Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, банк депозиттері | (469.424.928)       | (247.715.101)      |
| <b>Қарыз қаражатының жалпы сомасы</b>                       | <b>(31.276.952)</b> | <b>169.508.585</b> |
| Капитал                                                     | 1.072.232.153       | 954.287.514        |
| <b>Қарыз қаражаты үлесінің коэффициенті</b>                 | <b>(0,03)</b>       | <b>0,18</b>        |

**Қаржы құралдарының әділ құны**

2022 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржы құралдарының баланстық құны төменде берілген қаржы құралдарын қоспағанда, олардың әділ құнына негіздемелі түрде жақындау болып табылады:

| Мың теңгемен                                  | Баланстық құн | Әділ құны     | 2022 жыл                                           |                                                      |                                                        |
|-----------------------------------------------|---------------|---------------|----------------------------------------------------|------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|
|                                               |               |               | Бағалау деңгейі бойынша әділ құны                  |                                                      |                                                        |
|                                               |               |               | Белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (1-деңгей) | Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей) |
| <b>Қаржы активтері</b>                        |               |               |                                                    |                                                      |                                                        |
| Байланысты тарапқа берілген пайыздық қарыздар | 51.340.072    | 42.009.020    | –                                                  | –                                                    | 42.009.020                                             |
| Байланысты тарапқа берілген пайызсыз қарыздар | 5.306.154     | 5.267.034     | –                                                  | –                                                    | 5.267.034                                              |
| Басқа да қаржы активтері                      | 39.277.396    | 38.474.165    | 38.474.165                                         | –                                                    | –                                                      |
| <b>Қаржылық міндеттемелер</b>                 |               |               |                                                    |                                                      |                                                        |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар           | (329.927.140) | (299.776.821) | (299.776.821)                                      | –                                                    | –                                                      |
| Пайыздық қарыздар                             | (92.373.724)  | (92.491.353)  | –                                                  | (92.491.353)                                         | –                                                      |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар       | (15.847.112)  | (15.891.668)  | –                                                  | (15.891.668)                                         | –                                                      |

| Мың теңгемен                                  | Баланстық құн | Әділ құны     | 2021 жыл                                           |                                                      |                                                        |
|-----------------------------------------------|---------------|---------------|----------------------------------------------------|------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|
|                                               |               |               | Бағалау деңгейі бойынша әділ құны                  |                                                      |                                                        |
|                                               |               |               | Белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (1-деңгей) | Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей) |
| <b>Қаржы активтері</b>                        |               |               |                                                    |                                                      |                                                        |
| Байланысты тарапқа берілген пайыздық қарыздар | 221.505.932   | 236.366.951   | –                                                  | –                                                    | 236.366.951                                            |
| Басқа да қаржы активтері                      | 8.910.868     | 8.894.324     | 8.894.324                                          | –                                                    | –                                                      |
| <b>Қаржылық міндеттемелер</b>                 |               |               |                                                    |                                                      |                                                        |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар           | (307.808.020) | (335.566.926) | (335.566.926)                                      | –                                                    | –                                                      |
| Пайыздық қарыздар                             | (87.875.911)  | (88.127.711)  | –                                                  | (88.127.711)                                         | –                                                      |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар       | (21.539.755)  | (21.650.082)  | –                                                  | (21.650.082)                                         | –                                                      |

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****33. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Бағалау мәндері мен жорамалдар**

Компания басшылығы ақша қаражаты мен банк дивидендтерінің, сауда дебиторлық берешектің, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің, сауда кредиторлық берешектің, қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелердің және басқа да қаржылық міндеттемелердің әділ құны негізінен бұл құралдардың қысқа мерзімді сипатының салдарынан олардың баланстық құнына тең екендігін айқындады.

Бағасы белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнгі бағалардың белгіленуі негізінде айқындалады.

Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құны өтеуге дейін қалған ұқсас талаптармен, несиелік тәуекелмен және мерзімдермен берешек үшін ағымдағы мөлшерлемелерді пайдалана отырып дисконтталған ақша ағындары әдістерінің көмегімен айқындалады.

2022 және 2021 жылдары 1-деңгей мен 2-деңгейдің арасындағы аударымдар болған жоқ.

**Қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер**

| Мың теңгемөн                                                      | 2022 жылғы<br>1 қаңтар | Түсімдер | Өтеу                | Пайыздард<br>ы төлеу | Бағамдық<br>айырма<br>бойынша<br>кірістер<br>немесе<br>шығыстар | Басқасы           | 2022 жылғы<br>31 желтоқсан |
|-------------------------------------------------------------------|------------------------|----------|---------------------|----------------------|-----------------------------------------------------------------|-------------------|----------------------------|
| <b>Қаржылық міндеттемелер</b>                                     |                        |          |                     |                      |                                                                 |                   |                            |
| Шығарылған борыштық бағалы<br>қағаздар                            | 307.808.020            | —        | —                   | (15.209.719)         | 23.007.336                                                      | 14.321.503        | 329.927.140                |
| Пайыздық қарыздар                                                 | 87.875.911             | —        | (5.130.790)         | (11.528.035)         | 9.660.735                                                       | 11.495.903        | 92.373.724                 |
| Байланысты тараптардан<br>алынған қарыздар                        | 21.539.755             | —        | (8.614.964)         | (2.584)              | 1.649.548                                                       | 1.275.357         | 15.847.112                 |
| Жалдау бойынша<br>міндеттемелер                                   | 532.721                | —        | (111.787)           | —                    | —                                                               | 84.560            | 505.494                    |
| <b>Қаржылық қызметпен<br/>негізделген міндеттемелер<br/>жиыны</b> | <b>417.756.407</b>     | <b>—</b> | <b>(13.857.541)</b> | <b>(26.740.338)</b>  | <b>34.317.619</b>                                               | <b>27.177.323</b> | <b>438.653.470</b>         |

| Мың теңгемөн                                                      | 2021 жылғы<br>1 қаңтар | Түсімдер          | Өтеу             | Пайыздард<br>ы төлеу | Бағамдық<br>айырма<br>бойынша<br>кірістер<br>немесе<br>шығыстар | Басқасы           | 2021 жылғы<br>31 желтоқсан |
|-------------------------------------------------------------------|------------------------|-------------------|------------------|----------------------|-----------------------------------------------------------------|-------------------|----------------------------|
| <b>Қаржылық міндеттемелер</b>                                     |                        |                   |                  |                      |                                                                 |                   |                            |
| Шығарылған борыштық бағалы<br>қағаздар                            | 299.934.157            | —                 | —                | (14.875.586)         | 7.629.925                                                       | 15.119.524        | 307.808.020                |
| Пайыздық қарыздар                                                 | 85.222.637             | —                 | —                | (5.902.750)          | 2.097.492                                                       | 6.458.532         | 87.875.911                 |
| Байланысты тараптардан<br>алынған қарыздар                        | —                      | 24.104.026        | —                | —                    | 4.345                                                           | (2.568.616)       | 21.539.755                 |
| Жалдау бойынша<br>міндеттемелер                                   | 1.087.096              | —                 | (557.718)        | —                    | —                                                               | 3.343             | 532.721                    |
| <b>Қаржылық қызметпен<br/>негізделген міндеттемелер<br/>жиыны</b> | <b>386.243.890</b>     | <b>24.104.026</b> | <b>(557.718)</b> | <b>(20.778.336)</b>  | <b>9.731.762</b>                                                | <b>19.012.783</b> | <b>417.756.407</b>         |

«Басқасы» бағаны, ең алдымен, есептелген пайыздарды, дисконт амортизациясын, жалдауды түрлендіруді және қарыздарды ұйымдастырумен байланысты шығыстарды білдіреді. Компания төленген пайыздарды операциялық қызметтен ақша ағындары ретінде жіктейді.

**34. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК**

Компанияның негізгі қызметі газбен сыртқы және жергілікті нарықтарда сауда жасаумен байланысты. Компания 8 ХҚЕС-ке сай тек бір ғана есепті сегментті қарастырады. Сегмент қызметінің нәтижелері пайданың немесе залалдың негізінде бағаланады және ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептілікте пайдаға немесе зиянға сәйкес бағаланады.

2022 жылы Компания «PetroChina» тобынан түсімнің 63%, «КТГ Аймақ»-тан 32% және «Газпром» тобынан 1% алды (2021 жыл: «PetroChina» тобынан 60%, «КТГ Аймақ»-тан 28% және «Газпром» тобынан 3%).

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**35. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**

2023 жылғы 13 қаңтарда «QazaqGaz» ҰК» АҚ-на «Тегіс Мұнай» ЖШС-тегі меншік құқығының қайта тіркелуі аяқталды.

2023 жылғы 3 ақпанда Компания «GPC Investment» ЖШС-не пайызсыз қарыз бойынша 18.694.506 мың теңге көлемінде үшінші транш берді. 2023 жылғы 22 ақпанда Компания «Интергаз Орталық Азия» АҚ-на 2024 жылғы 22 ақпанға дейін өтеу мерзімімен 45.000.000 мың теңге сомаға қаржылай көмек көрсетті.